



# Жас өркен Қостанай



5(84) қыркүйек-қазан, 2016 жыл

## МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов  
атындағы  
Қостанай мемлекеттік  
университеті.  
Ректор Хұсаиын ВАЛИЕВ

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға  
Кенжеғали САҒАДИЕВ  
Төлән ӘБДІКОВ  
Хұсаиын ВАЛИЕВ  
Алмас ӘБСАДЫҚ  
Гүлнар БЕРКЕНОВА

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор  
Ақылбек ШАЯХМЕТ  
8(705) 650-65-51  
шығарушы редактор  
Қымбат ДОСЖАНОВА  
8(702) 514-14-03  
менеджер-дизайнер  
Айтөлқын ҚАПАН

Журнал ҚР Мәдениет,  
ақпарат және  
қоғамдық келісім  
министрлігінде  
2002 жылы  
18 қарашада тіркеліп,  
№3386-Ж куәлігі берілген.  
Екі айда бір рет шығады.  
Редакцияға келіп түскен  
хаттар әдеби өңделеді,  
қысқартылады,  
ойы сақталып түзетіледі.  
Көлемі үш компьютерлік  
беттен асқан материалдар  
қабылданбайды.

*«Мен еңбекқор, сабырлы және әрдайым сенімді  
Қостанай халқын ерекше бағалаймын.*

*Сіздерге әрдайым ерекше алғысымды білдіріп,  
денсаулық пен бақыт тілеуден жалықпаймын.»*

*Н.Ә. Назарбаев*



Қостанай облысы өзінің сексен жылдық мерейтойын атап өтуде. Айтулы мерейтой өзінің жасампаз еңбегімен облыстың экономикалық іргетасын қалап, өндірістік кәсіпорындарын көтерген, жаңа қалаларды тұрғызған, тың игеріп, сол арқылы республиканың астықты астанасы мәртебесін алып берген бірнеше ұрпақ өкілдерінің басын

біріктіреді.

Осының барлығы Қостанай жеріне бауыр басқан әртүрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің бірлігі мен жарасымдылығының арқасында мүмкін болды.

Бүгінде қостанайлықтар Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саясатын қолдай отырып, жаңа тарихты – Тәуелсіз Қазақстан жылнамасын жазуға ат салысуда. Облыс аграрлық өңірден аграрлық-индустриалдық аймаққа айналды, біз экономиканың жаңа салаларын игере бастадық, ел болашағы үшін жауапкершілікті жүк өткен жас, келешегі зор басқарушылар толқыны өсіп келеді.

Облыс тарихының негізін қалауға ат салысқан жандарға лайықты құрмет көрсете отырып, жаңа бөлестерді белгілеп, болашаққа сеніммен қараймыз.

# Әскери кафедра ашылды

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде әскери кафедра ашылды. Оқу жылының басында университетте қабылдау комиссиясы жұмысын бастап кетті. Болашақ офицерлерге талап қатаң.

Студенттер әскери кафедраға 4 талап бойынша қабылданып жатыр. Олар медициналық комиссиядан өту, кәсіби психологиялық іріктеу, дене дайындығы бойынша нормативтер тапсыру және бір жылдағы оқу үлгерімінің орташа балы. Әскери кафедраның негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасының әскери-оқытылған қорын дайындау, әскери патриоттық тәрбие беру. Оқу мерзімі 2 жыл. Кафедрада 230 адам білім алады деп жоспарлануда, оның 80-і бюджеттік негізде. Сонымен қатар, бұл кафедраның студенттері бес әскери – есептік мамандықтар бойынша оқытылады.

1. “Мотоатқыштар бөлімшесінің жауынгерлік қолданысы”;
2. Құрлықтағы әскерде тәрбиелік және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру;
3. Құрлықтағы әскерде байланысты ұйымдастыру;
4. Азық-түлікпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
5. Психологиялық жұмысты ұйымдастыру;

Кафедра түлектері запастағы офицер де бола алады. Сондай-ақ, әскери кафедрада студент қыздардың оқуына мүмкіндік бар. Олар “байланыс құралдарын жөндеу және пайдалануды ұйымдастыру” мамандығы бойынша білім алады.

Теориялық білімнен басқа болашақ офицерлерді тәжірибелік дағдыларға оқыту көзделуде. Қару-жарақтан оқ ату және бротехниканы басқару. Алдағы 3 жылда кафедраға техникалар мен қару-жарақтар әкелінеді. Әзірге университет әскери бөлімшелердің кадрлық құрамынан профессорлық-оқытушылық құрам жасақталмақ.

Оқудың әзірге қай тілде жүргізілетіні белгісіз.



Ол оқуға түскен студенттер құрамына байланысты.

Қорғаныс министрлігі басшылығының шешімі бойынша әскери кафедраның меңгерушісі болып полковник Болат Болатұлы Токин тағайындалды. Болат Болатұлы Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің әскери бөлімдерінде әскери қызмет атқарған.

Әскери кафедраның грант иегерлерінің бірі гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің журналистика мамандығының 2-курс студенті Сираж Дәуренбектің айтуы бойынша, бүгінде грантқа үміткер 80 студенттің аты белгілі болған. Әзірге ақылы бөлімге түскен студенттердің саны белгісіз. Сонымен қатар, әскери кафедраның сабақ режимі аптасына 1 рет 8 сағаттан болады деп жоспарланған. Егер, студент 16 сағаттан артық себепсіз сабақтан қалар болса, оқудан автоматты түрде шығарылады.

Әскери кафедраны аяқтаған студенттер өздерінің мамандықтары бойынша оқуларын жалғастырып төртінші курстан кейін мемлекеттік емтиханды жақсы тапсырса, оларға лейтенант шені мен әскери билет беріледі.

Грант иегерлерін шын жүректен құттықтаймыз!

**Перизат ОҢАЙБЕК,**  
**ГӘФ журналистика**  
**мамандығының 2-курс студенті.**



## Ұлы ағартушы мазары басында

**Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ**  
**ГӘФ журналистика**  
**мамандығының 4-курс студенті**

Біз ұлы ағартушы, педагог-ұстаз, ақын, алғаш қазақ мектебін ашушы Ыбырай Алтынсаринның мазарына барып тазалық жұмыстарын жүргіздік. Сол жерде студенттер

асты. Сонымен қатар Ыбырай атамyzдың аруағына құран бағыштап, кесенесіне күтім жасап, келесіде біле жүру үшін келген әрбір студенттің ісі құптарлық деп білеміз. Журналистика мамандығы студенттерінің бастамасын естігенде ниет білдіріп, келгісі келгендердің көп болғандығын айта кету керек. Өйткені, көптеген мамандықтың студенттері үшін емтихан уақытымен сәйкес келуі және

"Студенттік көктем-2016" іс-шарасының алғашқы күнімен тұспа-тұс басталуы студенттердің таңдау жасауына ықпал етті. Дегенмен автобус толы студенттер бардық. Қатарымызда ФИТ, ФВиТЖ және ГСФ-ның студенттері болды. Бұл сапар олардың да көңілдерінен шықты деген сенімдеміз. Біз үшін сәті түскен экскурсия болды деуге де болады. Сондай-ақ, Анар Барсақбаева мен журналистика мамандығының 3-ші курс студенттері кураторы Саян Телманқызына үлкен алғысымызды білдіреміз.



ақынның өлеңдерін жатқа айтты. Алдымен құран бағыштап, тарихи тұлғаның кесенесі жайлы ақпаратқа қанықтық.

Осықалада үш жыл бойы оқып келіп, әлі күнге Ы.Алтынсарин сынды тұлғалардың ескерткіштері мен ертеде тұрған немесе жерленген жерлеріне барып көрмеген екенмін. Ал гуманитарлық әлеуметтік факультетінің қызметкері Анар Барсақбаеваның арқасында ойда жүрген ісіміз жүзеге



# Туған жердің тұғыры биік

Туған жер! Атамекен! Атақоныс! Не деген ыстық едің!

«Кіндік қаны тамған жер» деген сөз, меніңше қазақтан басқа еш халықта жоқ. Менің балалық шағым Рудный қаласында өтті. Мен бұл қалада балабақшаға бардым, мектеп табалдырығын аттадым, орта білім алдым. Менің туып өскен қалам аты айтып тұрғандай, алып «ССКӨБ» АҚ орналасқан қала. Бұл қаланы біреу білер, біреу білмес. Рудный қаласы жалғыз Қостанай облысының емес, қуатты Қазақстанның алып кәсіпорны орналасқан қала. Мен моноқалада туып өсем де, өз қаламды мақтан тұтамын. Менің қаламның жастары да, Қазақстанның дамуы үшін оқуларын жақсы оқып, елі үшін талмай еңбек етіп жүрген жастар. Салауатты өмір салты да тыс қалмаған. Біздің қаладан Рио Олимпиадасының жүлдегері былғары қолғап шебері Иван Дычко, «Аят» хоккей командасы шыққан. Бұл біздің мақтанышымыз.

Қазір мен А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде оқимын. Бірақ апта сайын өз туған қалама барып тұрамын. «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша біздің университетте оқып жатқан курстастарым маған: «Сымбат, Рудный

мен Қостанайдың арасы таяқ тастам жер ғой, сен бақыттысың, апта сайын ата-анаңды, достарыңды көріп тұрасың» деп, қызыға да қызғана қарайды.

Иә, мен оларды түсінемін. Туған жер. Бұл сөзді айтқанда кеудеңде сағыныш, қуаныш сезімі пайда болады. Көңілің ерекше рақатқа бөленеді. Мен енді ғана ақын-жазушыларымызды түсіне бастадым, өз туған жерінен жырақта жүргенде өзі туып-өскен жері туралы түйдек-түйдек жырлар мен кесек-кесек шығармалар жазатынын. Ал менің арманым, келешекте үлкен ғалым болып, туған жерімнің табиғатын зерттеп, маңызы бар ғылыми еңбектер жазу.

Әр жасқа айтарым, шетел асып, білім қуып кетсең де, өз еліңе пайданды келтір. Қазақстанның өсіп өркендеуі жүрегі елім деп соққан біз сияқты жастардың қолында!

Туған елдің туының астын бірігіп, туған жердің тұғырын биік ету біздің қолда!

**С.БАЙДІЛДИНА,  
2-курс студенті.**



## Ресей Кейкі батырдың бас сүйегін қайтарды

Санкт-Петербургтегі Кунсткамерада ұзақ уақыт сақталған Кейкі батырдың бассүйегі жақын күндері Қазақстанға қайтарды, - деп хабарлайды «Хабар 24» арнасы.

Қуанышты хабар ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мен Ресейдің Мәдениет министрі Владимир Мединскийдің Мәскеу қаласындағы кездесуінде белгілі болған.

Қазақстандық тарихшылар Петербургтегі музейде Кейкі батырдан өзге, қазақтың тағы жеті батырының бассүйегі сақталып тұрғанын айтады. Оларды да елге қайтару жоспары қойылып отыр.

«Бұл бассүйектердің қазақ халқы үшін, қазақ тарихы үшін аса маңызды екенін ескере отырып,

олардың ендігі тағдыры не болатынын ойластыруды ғалымдырымызға мұқит тапсырдық», - дейді Ресейдің Мәдениет министрі.

Арыстанбек Мұхамедиұлы бассүйектің Қазақстанға қайтарылғанын айтты. «Венгр ғалымдарымен келіссөздер жүргіздік. Олар бассүйектің Кейкі батырға тиесілі ме екендігін ДНҚ арқылы сараптап жатыр», - дейді ҚР Мәдениет және спорт министрі.

Айта кетсек, Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов Кейкі батырдың бассүйегін елге қайтару туралы бастама көтеріп, Ресей Үкіметінің басшысы Дмитрий Медведевке ұсыныс айтқан болатын.

**Абай-ақпарат**



# Туған жердің түлегі



21 қазан күні А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың аграрлық-биологиялық факультетінің биология және химия кафедрасының ұйымдастырумен жас ақын, журналист, республикалық жас ақындар әдеби конкурсының жүлдегері, «Шабит» халықаралық сыйлығының жүлдегері, «Өр Торғай - ерлік мекені» атты экспедицияның мүшесі А.Маудановтың қатысумен әдеби кеш өткізілді. Әдеби кеш А.Мауданов жайлы бейнефильммен ашылды. Бұл кешке арнайы қонақ ретінде Е.Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясының «Ұлы Дала» квартеті шақырылған болатын.

Осы кеште студенттер ақынның шығармашылығымен етене танысты. Бұл кеште тек А.Маудановтың шығармашылығы жайлы айтылды. Балалық шағынан бастап, білім жолы, өмір баспалдақтары туралы сөз етілді. Балалық шағында басынан кешкен қызық оқиғаларды естіп білдік. Соның бірі, мектепте болған қызық жайт: «Кітапханаға барғанда, маған кітапханашы кітап бермейтін. Сынып жетекшім «Маудановқа кітап бермеңдер, кітапханадағы бүкіл кітаптарды оқып тастады» деп, мені үйге қайтарып жіберетін. Үйге құр қол кітапсыз келетін кездерім де болған» деп еске алды.

Студенттер А.Маудановтың өлеңдерін оқыды. Әсіресе, Құлымбетова Айдана «Торғайша сені сүйемін!» өлеңін нақышына келтіріп оқып, көрермендер көзайымына айналды. Ақын ұлы Абайға еліктеп, жыл мезгілдеріне де өлеңдер арнаған екен. Соның бірі Есімсеит Ақерке оқыған «Күз суреттері» өлеңі еді. А.Маудановтың поэзиясында киелі Торғай мен Қостанай қаласы көп жырланады. А.Маудановтың да өлең-жинақтарында әзіл-сықақ өлеңдері де бар. Оның «Қадыр Мырзалиевтің ізімен «Қазақ осы», «Қызыл Аққу» атты пародиялық өлеңдері бар.

Ақын Торғайдың тумасы болғаннан кейін, «Торғайым» әні де айтылды. Бұл өлең көрермендердің көз алдына дархан Торғай даласын елестетті.

А.Мауданов тағы да жастардың кітап оқымайтыны туралы айтып, қазіргі жастарды кітапқа қызығышулығы болу керек, адам кітап оқымаса оның сауатсыз екенін білдіретінін айтып өтті. М.Шахановтың, Т.Әбдіковтың кітаптарын оқуға кеңес берді. Әдеби шығармаларды оқыған дұрыс деп санап, «айына бір кітап оқысаң, ой-санаң сергіп, бір түйсік кіреді» деп атап өтті.

Төреғали Төреәлі орындайтын «Тотыдайын» әні А.Маудановтың өлеңі екенін біреу білер, біреу білмес. Ақынның «Тотыдайын» әнін инженерлік – техникалық факультетінің 2-курс студенті Темиралиев Тойшыбек шырқады. Осы өлеңнен кейін ақын бір марқайып қалды.

Ақын, журналист, әрине, «Тілдердің үштұғырлығы» жайлы да айтып өтті. «Өзім орыс тілін жақсы білмеймін, бірақ ЖОО оқып жүргенімде «Қазақстан-Қостанай» арнасында «Тілашар» бағдарламасында орысша сөйлеуге ұялатынмын, ұжымда 10 өзге ұлт өкілі жұмыс істейтінбіз, бір-бірімізге ымдап, мен қазақшалап түсіндіретінбіз. Орыс тілін үйренуге тырысамын, орысша кітаптарды көп оқимын, өзге тілде де оқуға талпынамын»- деп айтып кетті.

Бізге ұнағаны жүргізуші С.Байділдинаның «Ашық микрофон» айдары болды. Көрермендер Абылай ақынға оның шығармашылығына қатысты сұрақтар қойды. Осы кезде 3-курс студенті Жармаханова Нурия Абылай Маудановқа арнап өлең де оқыды. Ақынның өзі де «Қыз баланың ақынға өлең арнауы, ерекше екен» деп таң тамаша болды.

Кеш соңында аграрлық-биологиялық факультетінің агрономия кафедрасының доценті, профессор Аманжол Зұлқарнайынұлы А.Маудановты шығармашылығымен құттықтап, зор табыстар тіледі. Торғай жерінің тумалары өнерлі болатынын айтып, сол жердің ақын-жазушыларын Төлен Әбдік, Серік Тұрғынбеков, Қонысбай Әбіл т.б атап кетті.

Әдеби кешті биология мамандығының 3-курс студенттері «Туған жер» әнімен аяқтады.

**С.МАҚСҰТҚЫЗЫ.**





## Әсерлі тренинг

«Турист» мейрамханасында Қазақстан Ұлттық телерадиохабар таратушылар қауымдастығы ұйымдастырған семинар-тренинг өтті. Тренингтің негізгі тақырыбы: «Журналистің құқықтық сауаттылығы», ал мақсаты: журналистердің, редакторлардың жалпы БАҚ-тың құқықтық біліктілігін көтеру. Тренингтің жүргізушісі «Лучший адвокат СМИ» жүлдесінің лауреаты Сергей Власенко болды. Бұл қонақтарымыз сонау Алматыдан Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің студенттері үшін ат терлетіп келген болатын. Тренингте «Алау» телеарнасының журналистері, «Қазақстан-Қостанай» телеарнасының заңгерлері мен ҚМУ-дың студенттері болды. Семинар жалпы жоспар бойынша сағат таңертенгі 10:00-де басталып сағат 16:00-ге дейін созылды. Іс-шарада тест тапсырмалары үлестіріліп, журналистер мен болашақ журналистердің құқықтарын қаншалықты деңгейде білетіндігі тексерілді. Белгілі тақырыптар бойынша пікірталас та өтті. Түскі астан кейін тренинг қайта жалғасты. Пікірталас өте қызықты өтті. Сергей мырза заңның әрбір баптарын оқып, әрі мысал келтіре отырып түсіндірді.

Журналистер мақала жазғанда нақтылықпен жазып, қоғамдық жерлерде сурет түсіргенде кадрға басқа адамдардың тап болмауын қадағалауы қажет. Осы айтылған ережелер сақталмаса журналистің бұл қылығы сотқа жетуі мүмкін. Сотқа жетсе журналистің беделі түседі. Журналистің қоғамда болып жатқан барлық мәселелерге, қылмыстық істерге, тіпті өрт пен өлім болған жерлерге де бірінші болып баруына құқығы бар. Осындай мәселелер бола қалған жағдайда журналист құқығын қорғай білуі қажет.


Тренинг соңында барлық қатысушылар сертификатпен марапатталды. Сертификатты Сергей Власенко табыстады.

**Алмагүл ТАЛҒАТҚЫЗЫ,  
ГӘФ журналистика мамандығының  
3-курс студенті.**





## Шетелде білім алған студент



Абдырғалиева Әйгерім Тұрсынқызы 1995 жылы Қостанай облысы Жітіқара қаласында дүниеге келген. Орта мектепті аталмыш қалада үздік аяқтап, 2013 жылы Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне аймақтану мамандығы бойынша оқуға түседі. Осы мамандықтың 3-курсында оқып жүргенде Еуропа Одағы қаржыландыратын ERASMUS+ бағдарламасының грант жеңімпазы атанады. Кейін Қостанай Мемлекеттік Университетінің Халықаралық бөлімі өткізген ағылшын тілінен құрама тест тапсырып, Чехия Республикасының Острава университетінде 3 ай білім жинап келді.

**- Әйгерім, шетелде білім алудағы мақсатыңыз неде?**

- Шетелде білім алу ол сенің отансүйгіштігіңнің жоқтығы немесе отандық білім жүйесінің әлсіздігінің белгісі емес. Керісінше, өз елінде шетелде білім алуға мүмкіндік жасалу еліңнің білім жүйесі қаншалықты дамып, қандай деңгейде келе жатқанын көрсетеді. Менің шетелде білім алу мақсатым- үлкен тәжірибе жинап, білікті маман атану болатын. Сондай-ақ аймақтану

мамандығы бойынша өз білімімді жетілдіріп, келешекте елімнің, Отанымның жан-жақты дамуына өз үлесімді қосқым келеді.

**- Өзіңіз шетелде білім алып келген бағдарлама жайлы, оның маңызы туралы әңгімелеп берсеңіз.**

- Мен Чехияда ERASMUS+ бағдарламасы бойынша 3 ай білім алдым. Ол студенттердің академиялық ұтқырлық бойынша жоғары білімінің сапасын көтеру мақсатында Еуропалық Одақтың бастамасымен құрылған Халықаралық бағдарлама. Бағдарлама дамушы елдердің студенттеріне Еуропаның жоғары оқу орындарында мәдени және ғылыми тәжірибе жинақтауға мүмкіндіктер береді. Өз басым осы бағдарламадан біраз нәрсе үйрендім. Ал маңыздылығына келетін болсақ, бәсекеге қабілетті болашақ мамандар легін қалыптастыруға көп септігің тигізеді деп есептеймін.

**- Қазақстаннан бірінші рет ұзап, жат елде болдыңыз. Әсеріңізбен бөлісе кетсеңіз?**

- Біріншіден, біздің университетімізге шетелге бару мүмкіндігін бергені үшін шексіз алғысымды білдіремін.

Чехия - «Еуропаның жүрегі», бүкіл әлемге танымал дамып тұрған мемлекет. Сол мемлекеттің адамдары мәңгі есімде қалады. Бәріміз ұлтқа, дінге қарамастан бір тату отбасындай тұрдық. Өмірімде орын алатын ерекше сәттер Еуропада өтті деп айтуға болады. Бірақ Еуропа қаншама естен кетпес әсер қалдырғанымен, туған жердің топырағы ыстық екеніне көзім жетті.

**- Үлгі тұтатын жақын адамдарыңыз бар ма?**

- Әрине, олар менің ата-анам. Тіпті бүгінгі жетістіктеріме де солардың арқасында жетіп отырмын. Себебі, олар қандай жағдай болмасын әрқашан мені қолдап, маған үміт артып отырады.

**- Өзіңізді бес жылдан**

**кейін қалай елестетесіз?**

- Бәлкім, мен бес жылдан кейін мамандығым бойынша мемлекеттік қызметкер атанармын. Ол менің басты мақсатым. Ал әзірше ол үшін қазірден бастап қолымнан келгенше аянбай еңбек етуге тырысамын.

**- Сұхбатыңызға көп рахмет. Әлі талай биік шыңдарды бағындыра беруіңізге тілектеспін.**

**Кәмшат ТАЛҒАТҚЫЗЫ,  
ГӘФ журналистика мамандығының  
2-курс студенті.**





# Өнерлі, белсенді, жігерлі

**Аты-жөні:**

Ерік Сымбат Таңатқанқызы.

**Факультеті:**

Ветеринария және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы.

**Курсы:**

4-курс.

**Хоббиі:**

Би билеу, кітап оқу, спортпен айналысу.

**Сүйікті кітаптары:**

«Балалық шаққа саяхат», «Махаббат, қызық мол жылдар», «Равновесие».

**Арманы:**

Жақсы мамандық иесі болып, кіршіксіз қызмет атқару.

**Ерекше үлгі тұтар**

**тұлғасы:** Анасы Балзира Мұхитқызы, оқытушысы Қонысбаева Саяхат Әкімжанқызы.

**Өмірлік ұстанымы:**

Үш нәрсені ұмытпа:

- 1.Өзінді құрметте;
- 2.Өзгелерді құрметте;
- 3.Әр іс-әрекетіңе жауап бере біл.

**Жетістіктері мен қоғамдық жұмысы:**

«Арулар отауы» клубы ұйымдастырған «Асыл ару– 2015» байқауында «Өнерлі ару» номинациясы бойынша марапатталған. Университет қабырғасында өтетін іс-шаралардың барлығына дерлік қатысып келе жатқан студенттердің бірі. Оқудан тыс өз ортасында университет имиджін көтеріп, оның дамуына өнерімен үлес қосып келеді.

**Көпшілік пікірі:**

Сымбат өте белсенді әрі қарапайым студент. Әрқашан ізденісте жүретін ерекше жас. Өнерге шын берілген жан.





## Қазақстан - тәуелсіз мемлекет

Биыл тәуелсіз мемлекет болғанымызға жиырма бес жыл толып отыр. Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіз Республика деп жарияланды. Сөйтіп екі жүз жылдай патшалы Ресейдің отары, жетпіс жылдан астам Кеңес үкіметінің бұғауында болған Қазақстан егемен ел болды. Бұл күн-Қазақстан тарихына тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріптермен жазылды. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан бастап көптеген елеулі табыстарға қол жеткізді.

Бүгінгі күні Қазақстанымыз күннен-күнге гүлденіп өсіп жатыр. Зәулім-зәулім ғимараттар, әсем де көркем үйлер, саябақтар тұрғызылып, әр қаланың сәнін келтеріп тұр. Қазақстанның қай аймағына барсаң да таңқалмай кетпейсің, себебі әр қаланың өзіндік бір таңқалдыра алатын орны бар. Өйткені елордамыз Астанада әлемнің сұлу қалаларынан кем емес. Міне биыл жас астанамыз он сегіз жасқа толып отыр. Осы он сегіз жылдың ішінде қала адам танымастай өзгерді. Еуразияның жүрегі, Қазақстанның айқын бейнедегі айнасының бірі. Астана қазіргі таңда ұлан ғайыр еліміздің бас қаласы, әлем таныған жас қала. Мен өзім бас қаламызға барып көрмесем де Астана мен үшін ыстық, себебі Астана менің құрдасым. Сол себепті келешекте мен де жас Астанамыздың гүлденуіне өз

үлесімді қосқым келеді. Елбасымыз айтқандай 21 ғасыр жастар көзімен дегендей біз жас ұрпақ әлі де Қазақстанымызды әлемдік деңгейге жеткіземіз деген үміттемін. Себебі алда ел мәртебесін асқақтатың, еліміздің әлеуетін әлемге паш ететін ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі күтіп тұр. Осыған байланысты елордасы Астанада әлемді таңқалдыра алатындай көрме салынып жатыр. Астанадағы ЭКСПО-2017 көрмесі ТМД елдері мен орталық Азия аумағындағы өткізілетін ең алғашқы халықаралық деңгейдегі көрмеге айналуы мүмкін. Бұл көрмеге әлемнің жүзге жуық елінен адамдар келмекші. Сонымен қатар бұл көрмеге бес миллионнан астам адам қатысады деп күтілуде. Қандай ел болса да өзінің елбасшыларымен мақтана алады. Бізде өзіміздің елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен мақтанамыз. Сол кісінің арқасында қазір қазақ елі күннен-күнге гүлденіп, ел мәртебесі өсуде. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерде ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс.

**Айдана МАРАТ,**  
**ГӘФ журналистика мамандығының**  
**1-курс студенті.**



# Бабалардың арманы



Ұлыларымызды ұлықтауға, өшкенін жандырып, өлгенін тірілтуге қол жеткіздік. Өткеніне өкпелеудің қажеті жоқ және келерінен үзілмес үкілі үміт күтілетін күнімізді күлдіріп, талмас қалықтаған қанатына ешқашан сөнбес алтын күнімізді қондырып самғаған, тамыры тереңге кетсе айбыны асқақ, жарқырап жұлдызы биік мемлекеттік биліктің негізгі нышандық белгілерінің бірі-көк Туымызды (1997 ж 8 қараша) желбіретіп, жаңа редакциямен тұңғыш шырқалған «Менің Қазақстаным» (2006 ж 11 қаңтар) атты әсем әуенді Әнұранымызды шарықтатқан, елдіктің тірегі, әлемді жаңғыртатын да, жасартатын да, өркениеттің өрелі жолына түсіріп, өрісті кеңейтетін де, толқын-толқын жастың санасына күн сәулесіндей құйылып, озық ойын дамытатын да, бәсекеге қабілетті болуына жол ашатын да Елбасының сарабал саясаты.

Кемел көшбасшы моделі басқа ешкімнің моделіне де ұқсамайтын, тірегі - тұрақтылық пен тілегі - азаматтық татулық пен тыныштық салтанат құрғанның арқасында дәулеті мен сәулеті келісіп, әлеуеті мен қуаты еселеп артқан, аса қысқа тарихи кезеңде аса күрделі зор жаңаландыруды сәтті басқарудың үлгісін көрсетті.


"Төртеу түгел болса, төбедегі келеді" дегендей, бостандық, бірлік, тұрақтылық, өркендеу секілді негізгі құндылықтарын берік қалыптастыру үшін, қаққан қазығы берік, мемлекеттігі бекем, төрт құбыласының сайлылығының арқасында басты құндылық-ұлтаралық келісімді нық ұстап, 140-тан астам ұлт пен ұлыс өкілдеріне ашық-жарқындылық және төзімділікпен бір үзім нанды бөлісіп жеп, көкейіне келешекке деген сенімді ұялатты.

Қазақстан Республикасының «кім-кімге де қанат бітіріп, жігеріне жігер, шабытына ша-

быт қосатын аса маңызды қоғамдық құндылық, саяси және экономикалық ойлардың ұйытқысы, өте шынайы прагматикалық және теңгермелі құжат ұзақ мерзімді күн тәртібін, басты мақсаттар мен басымдықтарын қалыптастыру мақсатында, жарқын болашаққа деген сенімді ұялатып, саяси жаңашылдықтың үлгісі, жүзеге асырылатын «Қазақстан-2030» стратегиясын болып табылатын «Қазақстан-2030» стратегиясын (1997 ж 10 қазан) қабылдаудың арқасында, торығу мен қорқынышты, күдікті жеңе білдік.

Тәуелсіздік! Бабалардың арманы,  
Тәуелсіздік! Даналардың арманы.  
Тәуелсіздік! Ақындарым жырлаған,  
Асыл да алтын халқымыздың арманы.  
Тәуелсіздік! Оңайлықпен келген жоқ,  
Арпалысып, тартыс болып, атылды оқ.  
Елім – жерім деп орынды қанша жас,  
Терезесі мен және де қарны тоқ.  
Тәуелсіздік әнін бүгін шырқадым,  
Тәуелсіздік – арман болған нұр таңым.  
Тәуелсіздік – арман болған бір елес,  
Тәуелсіздік – асқақтаған гүл бағым.  
Тәуелсіз ел – қыран Қазақ көктемі,  
Көк байрағы желбіреді көктегі.  
Нұрға, жырға толған мәңгі нұрлы елім,  
Жапырақ жайып, бәйтерекше көктемді.

**Айдос САРЖАНОВ.**



## ОҢТҮСТІК КОРЕЯ КҮНДЕЛІГІ

**Алмасбек ӘБСАДЫҚ,  
филология ғылымдарының докторы,  
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай  
мемлекеттік университетінің проректоры**

2016 жылдың маусым айының басында «Назарбаев университетінің» ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары басшыларын (топ-менеджерлерін) даярлау және біліктілігін арттыру» курсы бағдарламасына қатысу сәті түсті. Курс «Кәсіпкерлік университет» деп аталып, оның бағдарламасы 3 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – Назарбаев университетінің жоғары мектебінде, екінші кезең – Оңтүстік Кореяда, қорытынды кезең күз айында қайтадан Назарбаев университетінде өткізу жоспарланған. Оңтүстік Кореяның білім-ғылым саласындағы жетістіктері һәм тәжірибесімен танысу мақсатында Сеул сапары ұйымдастырылған еді.

атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырып, озық тәжірибелерімен бөлісті. Назарбаев университетінде атқарылып жатқан жұмыстар шетелдік тәжірибеге сүйенген. «Мың естігеннен – бір көрген артық» дегендей, еліміздің маңдай алды жоғары оқу орнына үлгі болып жатқан озық тәжірибелермен танысу үшін екі топқа бөлініп, бір топ Германия-Нидерландияға бет алса, екінші топ Сеулге ұштық. Түн ортасы ауа Астанада көтерілген әуе кемесі Airbus 6 сағат тоқтамай ұшып отырып, «Тұнық таң елі» (Страна утренней свежести) атанған Корей жеріне таң ата «топ еткізді». Сеулдегі біліктілікті көтеру және озық, өзгеше тәжірибелермен танысу орны - «Корея озық ғылым және технология институты» (ағылшынша аббревиатурасы «KAIST»).

KAIST - экономиканың жоғары технологиялық секторы мен инженерия саласында зерттеулер жүргізетін, сол салаларға мамандар дайындайтын жоғары оқу орны. Ол Кореяның жеңіл өнеркәсіптегі жетекші ор-

2016년 06월 18일 토요일 006면 national

## Kazakhstani professors attend seminar at KAIST

BY SHIN SOO-YEON

About 30 deans, vice deans and department heads of Kazakhstani universities visited the KAIST College of Business, the oldest business school in Korea, to learn managerial techniques and study the role it played in Korea's rapid economic growth over the past 50 years.

On Wednesday afternoon, the 27 Kazakhstani faculty members were listening attentively to a lecture by Kim Young-gul, the associate dean of external affairs at the KAIST College of Business. For once, the professors were even more enthusiastic and curious than their students.

The Kazakhstani professors came to Korea on a five-day program called the Professional Development Program for Higher Education Leaders of Kazakhstan 2016.

The aim of the program is to enable Kazakhstani universities, where communist bureaucracy still exists, to be-

come more autonomous and modern, said David Lock, the international adviser to the Leadership Foundation for Higher Education, who helped plan the visit, in an interview with the Korea JoongAng Daily on Wednesday.

It's been three years since the program began, and previous groups of Kazakhstani professors traveled to the United States, the United Kingdom, Singapore and Japan. This year's group will be visiting Korea, Hong Kong, Germany and the Netherlands.

"The common factor is that their universities have successful systems, which will give the Kazakhstani colleagues information on how to work and form successful ideas that they can then take back to Kazakhstan," Lock said.

"Korea has made rapid progress over the last 50 years, and KAIST University has risen to take a national lead in enabling that progress."

Many of the professors also expressed favor toward Korea in gen-

al.

"Kazakhstan became independent in 1991, and Korea was one of the countries to sign contracts and memoranda," said Almasbek Absadykov, the vice rector for academic affairs and educational work at Kostanay State University in Kazakhstan. "And there is a diaspora of Korean people in Kazakhstan, so we know their culture and food, as well."

"I admire the school's spirit of entrepreneurship," said Bakhytzhon Akhmetov, the director of the Institute of Information and Telecommunication Technologies at Kazakh National Technical Research University. "Second, the high qualification of the faculty; third, the intellects of the students; and fourth, the autonomy of the school."

In Kazakhstan, the decisions are made top-down by top management level."

When asked what makes the KAIST business school different from oth-



The deans, vice deans and heads of departments from Kazakhstan, who visited the KAIST College of Business under the Professional Development Program for Higher Education Leaders of Kazakhstan 2016, listen to a lecture at the business school in Dongdaemun District, central Seoul.

ers in Korea as well as around the world, Kim said, without any hesitation, "the school's frontier spirit."

"It's only been 20 years since the

school was established, which is a very short period of time compared to U.S. business schools," he said. "But we have developed curricula that no

business school has imagined teaching, like the Social Entrepreneurship MBA and Green Growth MBA." shin.sooyeon@joongang.co.kr



Сеул сапары алдында біздер алдымен Астанадағы «Назарбаев университетінің» жоғары мектебінде (мектеп деканы А.Қыстаубаева) Ұлыбритания жоғары оқу орындарының білікті профессорлары Дэвид Локк (кейін ол бізбен бірге Кореяға барды, мен оны өзімше қазақшалап «Дәуіт» деп атап жүрдім) пен Майкл Смит бір апта бойында дәріс оқыды. Дәріс барысында ҚР Ғылым және білім министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің, Назарбаев университетінің басшылары өздерінде

нын жоғары технологиялық өнеркәсіпте де алдыңғы қатарға шығуына ерекше септігін тигізген. Аталмыш оқу орнының түлектерінің басым көпшілігі Кореяның инновациялық кәсіпорындарының жетекшілері, елдің белгілі бизнесмендері. Оқу орны ерекше автономияға және өте икемді академиялық жүйеге ие. Кореяның басқа колледждері мен университеттері үкіметтің студенттерді қабылдау талабы мен үлгілеріне, оқу бағдарламаларының талабын орындау міндетті болса, KAIST-тегі оқу жүйесі батыстық үлгіде құрылған. Институт білім министрлігіне емес, ғылым және тех-



нология министрлігіне бағынады.

Корея ғылым және технология институты 1971 жылы Оңтүстік Кореяның Президенті Чон Хи Пактің бастамасымен құрылған. Мұндай жетістіктің жолын салған кісі – Кореяның өткен ғасырдың 60-80 жылдары басшысы болған - Президент Пак. Пак билікте қатал диктатор, ал қарапайым жұрттың тіршілігіне баянды басшы бола біледі. Табиғатынан еңбекқор, төзімді болып қалыптасқан туған халқының бойына жасампаздық пен құлшынысты, жаңалыққа құмарлықты оятып, әлемнің озық ілім-ғылымын, тапқан тың жаңалықтарын игеруге шақырып, ол мақсатты жүзеге асыруға өзі мұрындық болады. KAIST-ты ашады, оған өзі қамқор болады.

**Тарихқа шегініс.** Генерал Чон Хи Пак (билік құрған жылдары 1962-1980) әскерилердің ықпалымен президенттік билікке келеді. Ол билікке отырған кезеңде Оңтүстік Корея Корей түбегінде бір халықтың «солтүстік» және «оңтүстік» болып бөлінген соғысының нәтижесінде өбден титықтаған, дамудың артқы шегінде қалған аграрлық ел болса, оның билігі аяқталған тұста Корея индустриялды мемлекетке айналып, экономикада таңқалдырарлық табыстарға қол жеткізеді.



Оңтүстік Кореяның таңажайып құбылысына қарап отырып «солтүстікті» амалсыз еске аласың. Оның үстіне біз барған тұста Солтүстік Корея алыс қашықтыққа жете алатын ядролық ракетасын сынақтан өткізді. Солтүстік Кореяның әлем жұртшылығы алдындағы имиджі «Үрей ошағы» ретінде орнығып отыр. Бір халық, екі әлем. Бірі – оқшауланған: кедей әрі ызалы, екіншісі – ашық: бай әрі бейбітшіл. Екіншісінің тәжірибесіне әлем жұртшылығы қызығушылық танытып, ілім-ғылым іздеп, тәжірибе аңдып ағылып жатыр. Біздер де сол жұрттың қатарында едік...


KAIST-тің оқу кампустары Сеул және Тэджоне қалаларында орналасқан. Даңқты оқу орнының тарихи орталығы - Сеул қаласындағы кампус. Тэджон қаласында орналасқан Даедеок кампусында заманауи талапқа сай оқу кешенімен қатар ғылыми-зерттеу институттары, жоғары технологиялық, венчурлық компаниялар орналасқан. Кореяның небір атақты бизнесмендерін, компания басшыларын дайындаған даңқты оқу орнымен танысу Сеулдегі кампуста жүргізілген дәрістерден басталды. Бұл кампус тарихи тұрғыда оқу орнының іскерлік қабілетінің ордасы ретінде қалыптасқан. Кампустың ғимараттары биік бел-жотаға орналасқан. Биік белге көтерілу үшін біраз

баспалдақтарды артқа тастау қажет. Институттың биік жерге орналасуының да өзіндік рәмізі бар сынды. Себебі оқу орны - Кореяның ең таңдаулы, даңқы асқан білім ордасы. Әлемдік рейтингте KAIST елу озық оқу ордасының қатарында болса, Азия құрлығында ол алғашқы ондықта. Ал инженерлік сала мамандарын дайындау деңгейі бойынша KAIST



әлемдегі жиырма үздік оқу орнының қатарына енеді. Таңдандық әрі тамсандық: ғажап табыстың қырсырын білуге құмарттық.

Бүгінгі таңдағы 45 жыл тарихында KAIST әлемдік (глобальдік) зерттеу орталығына айналған. Ол шетелдің таңдаулы оқытушылары мен ғалымдарын тұрақты түрде өз шаңырағына тартып отырады. Институт ғалымдарының еңбектері рейтингісі жоғары, әлемге танымал ғылыми журналдарда үздіксіз жарияланады. Профессорлық құрамның беделді тұлғалары АҚШ-тың беделді оқу орындарында білім алған. KAIST профессорлары ұстаздықпен қатар өздері ашқан ғылыми жаңалықтарын коммерциализациялау үрдісіне белсене қатысады. Табыстары жоғары. Оқу орнында бес жыл үзбей қызмет еткеннен кейін оқытушының бір жыл институт есебінен




әлемді аралап, ел көру, жер көру мүмкіндігі бар. KAIST-те талантты студенттерге, олардың қатарында шетелдіктер де бар, гранттық негізде оқуға кең жағдай жасап отырады.

Магистратура мен докторантура бөлімінде сабақ бірыңғай ағылшын тілінде жүргізіледі. Студенттерді кәсіпкерлікке баулу мақсатында Startap, инкубация орталықтары жұмыс жасайды. Онда білімденушілер инновациялық идеяларын жүзеге асырады. Оларға



өз бизнестері жүріп кеткенше, институт тарапынан барлық көмектер көрсетіледі. Оқу орнын бітірген тұста түлек өзінің фирмасын немесе компаниясының жұмысын нарықта жалғастырып кетуі тиіс. Бір нақты мысал: біздің Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бітірген Екатерина Ли атты отандасымыз KAIST-тің Бизнес мектебінде магистратура бөлімі бойынша оқыған екен. Оқу барысында ол институттағы инкубациялық орталық арқылы медициналық туризммен айналысатын MEDIKAL AVENUE атты агенттік ашып, қазір сол бизнесті дөңгелетіп отырған жайы бар. Сапар барысында оның ақпараттық сипаттағы дәрісін өз құлағымызбен тыңдадық, отандасымызбен жүзбе-жүз тілдестік. KAIST даңқын шығаратындар оның түлектері. Түлектер өздері жолдама берген оқу орнын үнемі қолдап, қаржылық, демеушілік көмек көрсетіп отырады... Сондай көмектердің арқасында Startap, инкубация орталықтары, жаңа білім бағдарламалары жүзеге асырылады...

Кореядағы тағы бір таң қалдырған көрініс – тазалық пен гүл баптау, жасыл желек, көгал күту мәдениеті. Бұл көрініс емес, сурет сынды. Бәрі қолмен қойғандай: таптаза, әдемі, әсем әрі әр қилы. KAIST-тің оқу кампустары орналасқан Сеул мен Тэджон қаласының арасы 150 шақырымдай жер. Осы екі аралықты автобуспен жүріп өткен біздер жол бойында бір бос жатқан алақандай жер көрмедік: я ол жерге күріш егілген, не жылыжай (теплица) салынған.



Суда тұрып пісетін күрішке судың қалай, қайдан келіп жетіп жатқанын да байқамадық. Біз жақтағыдай арқасы күжірейген канал немесе жал-жал болып жатқан арық жоқ, бірақ күріш кешіп тұратын су бар. Қала маңын қосқанда 20 миллионға жуық тұрғыны бар Сеулдің көшелерінен сірескен көптеліс не болмаса жол бойында орын алатын ызың-қызың шу естімедік. Сеулде аспалы жолдар, көпірлер, туннельдер көп. Бір қызығы, аспанға шаншыла ұмтылған биік ғимараттар жанында ескі Сеулдің аласа үйлері де сақталған. Жеке меншік құқығын қапысыз сақтау дегеннің үлгісі осы болар.

KAIST-тегі дәріс тыңдау және тәжірибе жинауға жоспарланған бес күн ішінде көңілге түйген, ойға жинаған нәрселер көп болды. Бәрін жіпке тізгендей айтып шығу мүмкін емес. Бірақ бірнеше ерекше әсер қалдырған тұстарды қысқаша түрде болса атап өткен жөн деп санаймыз. Олардың қатарына профессорлар Сун Пак пен Стиф Анның дәрістерін, атақты KIA моторс компаниясына жасаған экскурсияны атап өтуге болады. Сун Пак KAIST-тің бизнес мектебінің профессоры. Бакалавриатты Сеул ұлттық университетінен, магистратураны KAIST-та, ал докторантураны



АҚШ-тың Мичиган университетінде тәмамдаған. Ұстаздық қызмет ете жүріп көп жылдар Кореяның атақты компанияларына басқару мененджменті, ғылым мен инновация жағынан кеңесші болған. Өзінің айтуынша, оқу үрдісіндегі қыңырлығымен талайдың «қытығына» тиген. Бірақ жаңашылдық ұстанымынан қайтпаған. KAIST-тің басшылық қызметінде (вице-президент) де болған. Аты жаман сырқатпен ауырып, басшылық және профессорлық қызметінен де қол үзген. Қазіргі таңда аурудан толық айығып, фермерлік кәсіппен айналысып жүрген жайы бар.

«Қыңыр» профессордың ақпараттық, танымдық мазмұны түрлі-түсті слайдтармен бедерленген кең тынысты дәрісінің (KAIST профессорлары слайдсыз дәріс оқымайды) қысқаша мазмұны мынадай болды:

Оңтүстік Кореяның экономика мен ұлттық жаңғыру, өркендеу жолындағы басты табысы білім мен ғылым, инновация арқылы жүзеге асқан. Соның арқасында жарты ғасыр бұрын арта қалған аграрлық ел бүгінгі таңда әлемнің озық елдерінің қатарында. Бүгінгі таңда Оңтүстік Кореяның SAMSUNG, LG, HYUNDAI сынды компаниялары әлем нарығын жаулап алған. Айталық, SAMSUNG нарықтағы теледидар саудасында жапонияның атақты SONI фирмасын артта қалдырған, ал смартфон жасаудан атақты APPLE-мен жағаласып жүрсе, машина жасау саласында HYUNDAI жапонның TOYOTA-сымен тайталасатын жағдайға



жетіп қалған. Бұл орайда, профессор корейлықтар «креативтік имитация (тосын қайталау) жасау – жаман нәрсе емес» деген ұстанымды қолдана отырып, жетістіктер шебінен көрініп жүргенін тілге тиек етті. Ол білімнің әлеуметтік сипатына ерекше мән береді. Білім әлеуметтік инвестиция, ал әлеуметтік сипатқа ие білім-ғылым, инновацияның болашағы жарқын. Корейда шикізат байлығы жоқ. Бірақ оған олар мойымайды. Бар байлық адам деп есептейді. Сондықтан олар адам капиталын дамытуға жұмсайды. Материаландырылған білім қоғамға зиянын тигізеді. Корей – туысқандық қарым-қатынасты қадірлейтін азиялық ел. Батыстық білім жүйесі оның табиғатына сай келе бермейді, сондықтан оны сол ортаның ерекшелігіне сай модернизациядан (жаңалаудан) өту керек деп санайды.

Ал Стиф Анн - KAIST-тің Тэд-жон қаласында оқу кампусында орналасқан Startar орталығының жетекшісі қызметкері, профессор. Ол бакалаврлық білімді Сеул ұлттық университетінен, магистратураны



KAIST-те, ал докторантураны АҚШ-тың Стэнфордыннан алған. Ол ХХІ ғасыр басында SAMSUNG компаниясында компьютердің оперативтік ес технологиясымен айналысатын бөлімді басқарады. Стиф бөлімде жұмыс бастағанда ақпаратты ешбір кедергісіз қалтаға салып тасымалдай алатын, бәріміз әбден үйреніп алған флэш деген ұғым жоқ болса, ол 7 жыл істеп фирмадан кеткенде, флэш қорапшасы барлығына таныс зат ретінде нарықта орнығып үлгіреді. Табысты қызмет оған теңіз жағасынан сәулетті жеке үй тұрғызуға, шалқып өмір сүруге мүмкіндік жасайды. Бірақ бұл азамат SAMSUNG компаниясындағы аталмыш қызметін тастап, жиһаз жасау кәсібін үйрену үшін Солтүстік Ирландияға аттанады. Одан кейін шарап дайындауды үйрену мақсатында Испанияға барады, одан кейін Австралияны аралайды. Тіл үйрену үшін Қытайда тұрады. Ұзақ жылдарға созылған сапардан кейін Корейға оралып ірі компанияларда кеңесші қызметін атқарады (Корейда мемлекеттік қызметте болғандар еңбек өтіліне байланысты зейнетке 50 жастан бастап шыға бастайды). Зейнетке шыққаннан кейін, KAIST-ке профессорлық қызметке орналасады. Ондағы мақсаты – үздік компанияда, әлемді аралаған жылдары жинаған инновациялық білімі мен тәжірибесін өзгелерге жеткізу, беру. Осылайша ол кәсіпкерлікке қатысты 33 кредиттен тұратын бір жылдық жаңа магистрлік бағдарлама жасайды. Ол алдағы күз айындағы оқу жылында оны іске қосылады. Бағдарламаның пәндерін, онда дәріс беретін оқытушы-профессорлық құрамды Стиф Анн өзі таңдаған. Біздерді Стифтің бойындағы қарапайымдылығы, қажырлығы, ірі бизнестен қарапайым жиһаз құрастырушы, шарап дайындаушы кәсібіне ден қоюы, тіл үйренуге деген құлшынысы таңдандырды. Білім саласына неге қайтып келгенін сұраған біздердің жауабымызға ол «Адам баласы

жинақтаған білім мен тәжірибе әлеуметтік маңызы бар құрал, сондықтан ол ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыруы тиіс» деп санайтынын айтты.

Корейаның инженерлік өнерінің бір даңқты саласы – машина жасау. Біздерге атақты KIA MOTORS компаниясының зауытымен танысу мүмкіндігі туды. Қазақстанда корейлік машиналар құрастырылатыны белгілі. Сондай зауыттың бірі Қостанайда да бар. Мұнда корейлік HYUNDAI машинасы құрастырылады. Сондықтан біздің қызығушылығымыз ерекше болды.

Зауыт дегенде, біздің көз алдымызға қаптаған жұмысшылар, темір-терсектің салдыр-гүлдір шуы елестейтіні анық. Ал мұнда, біріншіден, зырылдап тұрған автоматты қондырғылар мен конвейерлердің дыбысынан басқа бөтен шу жоқ. Екіншіден, мұнтаздай тазалық. Үшіншіден, адам қарасының аздығы. Төртіншіден, зауыт конвейеріндегі жұмыс орнының замануилығы: компьютер, бел жазып отыратын диван-кресло, сатушысыз дүкен. Тамсанатын жағдайларды осылай санамалап кете беруге болады...

Компанияны 2008 жылғы дағдарыс кезінде HYUNDAI MOTORS өзіне қосып алған. Зауытпен танысу барысында HYUNDAI маркасының H сипатындағы логотипі азуын кере ашқан жолбарыстың айбарын белгілейтінін



білдік. Экономика мен әлеуметтік дамудағы серпінділігі жетістіктері үшін әлем жұртшылығы Оңтүстік Корейаны «Азия жолбарыстары» қатарында қарайтыны белгілі. Логотипті жасаған

дизайнер осы бағаны ескергені анық байқалады.

Зауыт жұмысымен танысу барысында HYUNDAI маркалы автомобильді құрастыру үшін 33 мыңнан астам жабдықтар қажет екен. Оның компания 10 мыңын өзі дайындап, қалғанын 23 мыңнан астам жабдықты сатып алады. Бұл алып компанияның жанында көптеген орта және шағын бизнес салалары өз шаруасын деңгелетіп отыр деген сөз. Қазақша айтсақ, «Күріш арқылы күрмек су ішеді». Қазақстанда құрастырылып жатқан HYUNDAI маркалы машиналарға біздің орта және шағын бизнес өкілдері компания сатып алатын 23 мыңнан астам жабдықтың бір бөлігін тауып бере алатындай дәрежеге қол жеткізсе, қазақстандық қосылым қатары көбейері сөзсіз. «Көз қорқақ, қол батыр» дегендей, тәуекел етсе, игерілмейтін кәсіп, өнер жоқ. Оған дәлел аграрлық жұрттан дамыған индустриялды елге айналған Оңтүстік Корей халқының тәжірибесі.

Сеул көшелерінде жеңіл көлік болсын, жүк көлігі болсын зырғыған корейлік автомобильдер. Автомобильдер ағынында жапон немесе неміс брендтері сирек кездеседі. Отандық өнімді қолдауды корейліктерден үйрену керек екен. Олардың бойында отансүйгіштік сезім мол. Ал отаншыл азамат отандық өнімді қолдайды. Көзіміз осыған анық жетті.

Көңілде ерекше ой қалдырған Корей жұртшылығына «Қош сау болып тұр» дей келе, көкірегімізге туған Қазақстан да осындай дамыған ел қатарына тезірек қосылса деген арман-тілекті арқалап ұштық...



## Өнерлі отбасы

**- Ақжан Бақытжанқызы, сізді отбасыңызбен «Өнерлі отбасы» сайысына қатысты деп естідік. Сайыс туралы не айтасыз?**

- Иә, біз отбасымызбен сайысқа қатысқан болатынбыз. Бұл іс-шара бірінші тамыз бен қыркүйек айларының аралығында өтті. Жалпы, сайысқа елу шақты отбасы қатысты. Финалға ең үздік деген отбасылар жолдама алды. Сол үздіктердің қатарында біздің де отбасымыз болды.

**- Бүліс-шараның ұйымдастырылу мақсаты неде?**

- Негізінде сайыс Қостанай облысының 80 жылдығына және отбасылар күніне байланысты ұйымдастырылған болатын. Негізгі мақсат отбасы құндылықтарын сипаттау, жас ұрпаққа насихаттау. Және де кәсіподақтың осындай жаңұяларға деген қолдау көрсетілуі. Жалпы сайыс бірнеше кезеңнен тұрды. Оған Қостанай облысындағы барлық аймақтар ат салысты. Аудандық сайыстан жеңімпаз атанған отбасылар облысқа, финалға жолдама алды. Осылайша, аудандық жеңімпаздар мен облыстық отбасылар финалда бірге өнер көрсетті.



символдар мен альбомдар, видео-ролик, отбасылық таңба жасау болды. Өзіміздің салт-дәстүрімізді бейнелейтін көрініс. Және соңғысы вокалдық номер болды. Соңында отбасымызбен шығып ән шырқадық. « Жұмыла көтерген -жүк жеңіл », демекші отбасымызбен сайыста жұмыла жасағандықтан, біз үшін барлық кезеңдер қиындық туғызбады.

**- «Сайыстың жеңімпазы» атағын қай отбасы алды? Жеңімпаздарға қандай сыйлық берілді?**

- Сайыс жеңімпазы біздің отбасы болды. Яғни, Иіпбергеновтар отбасы. Біз Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Кәсіподақ ұйымының атынан қатыстық. Бізді грамота және сыйлықпен марапаттады. Барлық отбасыларда сыйлықпен қамтамасыз етілді.

**А қ ж а н а п а й**  
**отбасыларыңызға бақыт**

**тілейміз. Өте әсерлі сұхбат болды. Сізге үлкен рахмет!**

**- Сайыс қандай кезеңдерден тұрды? Сіздер үшін ең қиын болған кезең?**

- Біздің отбасымыз «Шабит» номинациясы бойынша үздік деп аталып, жиырма сегізінші қыркүйекте гала концертте өнер көрсетті.

Әрине, сайыс болғандықтан, қатысушыларға бірнеше талаптар қойылды. Мысалы: отбасылық







## Тәтті өнім шығарушылармен кездесу

Л.Н.Толстой атындағы облыстық әмбебап кітапханасында «Ашық есік» күні өтті. Арнайы ұйымдастырылған шара таңертеңгі сағат 10:30-дан кешкі сағат 18:00 ге дейін жалғасты. «Баян Сұлу» АҚ Қостанай кондитерлік фабрикасының өкілдерімен кездесу есте қаларлықтай болды. «Баян Сұлу» АҚ Қостанай кондитерлік фабрикасы 40 жылдан астам уақыт жұмыс жасап келеді. Фабриканың толық құрылысы біткені жайында 1971 жылы 30 қарашада фабриканың директоры В.Ф. Крячуко жариялайды. 1974 жылдан бастап фабрика толық жұмыс жасай бастайды. Міне осы күннен бастап фабрика қазіргі уақытқа дейін тәтті өнімдер өндіріп келеді, көмпиттердің көптеген түрлерін шығарады. Өнімдер тек ғана Қазақстанда емес, сонымен қатар, Қырғыстан, Өзбекстан, Қытай, Германия сияқты елдерге экспортталады. Көмпиттердің құрамындағы өнімдердің 50%- дан астамы шетелден әкелінеді. Көмпиттегі құсқа ұқсас марканың тарихы ең алғаш өндірілген «Птичье молоко» көмпитімен байланысты. Ол еркін құс, әрі қазақтың оюын елестетеді екен.

Кездесуге болашақ осы мамандық бой-

ынша оқитын студенттер яғни, кондитерлік мамандықты оқитын студенттер келді. Студенттер өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап алды және болашақ мамандық таңдауда қателеспегенін сезінді. Өндірістік бөлімнің басшысы Шаповалова Наталья Николаевна көмпит жасаудағы барлық процестерді тәптіштеп айтып берді және студенттерді экскурсияға шақырды. «Тәттілердің жасалуы қандай қиын екенін өз көздерімен көріндер» - деді. Жегенде тіл үйретін тәттілердің оңайлықпен келмейтінін көрсін деген болар. Наталья ханым сөйлеп болғаннан кейін кітапхана қызметкерлерінің дайындаған видео-ролигі көрсетілді. Кездесуден кейін көрермендермен кездесуді ұйымдастырған кітапхана қызметкерлері фабриканың түрлі тәттілерінен ауыз тиді.

Міне үлкендерді де, баларды да қуанытып жүрген «Баян Сұлудың» тарихы осындай. Бір мақтана айта кетерлік жағдай «Баян Сұлу» өнімдері әлемдік брендке ие!

**А.ТАЛҒАТҚЫЗЫ.**



## Ғұмар АХМЕТЧИН

*Жазушы, ақын, аудармашы, Қазақстан Жазушылар одағы Қостанай облыстық филиалының директоры, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Ғұмар Ахметчин 75 жасқа толып отыр. Құрмет орденімен марапатталған, облыстық «Қазына» сыйлығының екі мәрте иегері, «Көзілдіріктің кесірі», «Қолды болған қораз», «Ұмытшақтық зобалаңы» кітаптарының авторына мықты денсаулық, ұзақ әуыр, шалқар шабыт тілейміз.*

### КІЛТ

Көшім жаңа жауған көбік қарға ирелең із тастап, үйінің қақпа есігінен сүйретіле әрең кірді.

- Ай, қатын-ай, қа-а-тын! Сені ме, сені ... тұра тұр. Жауап берген дыбыс шықпады. Көшім сүріне-қабына, бір құлап, бір тұрып сенек алдына келіп отырды.

- Ай, қатын-ай, қа-а-тын!.. Сені ме, сені!.. тұра тұр. Қазір, қазір, қақ мандайыңнан қатырмасам ба?

Іштен ешқандай сыбыс болмаған соң. Көшім әрең дегенде орнынан тұрып сенектің есігіне келіп, салбырап тұрған қара құлыпты жұлқып-жұлқып қалды. Сонда барып әйелі Мәруаның кеше бұлқан-талқан боп ашуланып, балаларын алып төркініне кетіп қалғанын бір-ақ білді. Мана, таңертеңгілік үйге құлыпты өзі салып шыққаны жаңа ғана есіне түсті. "Кілтті құрғыр қайда екен?"

Қара құлып қырау құрсанып мелшіе төлміреді. Көшім ыза болып, құлыпты тағы да жұлқып-жұлқып, әлдекімді сыбай боқтап жерге түкіріп-түкіріп жіберді. Кілт іздеп бүкіл қалтасын сипалап қарап шықты да, таба алмаған соң табалдырықтың алдында діңкип жатқан ағашқа жалп етіп отыра кетті.

-Құтжо-ол, Құтжо-ол...Кә! Кә! Кә!

Сол-ақ екен Құтжол көрші үйдің қора жақ тұсындағы шарбақтың арасынан жылт ете, құйрығын бұлғаң-бұлғаң еткізіп Көшімнің алдына келіп қаздыып тұра қалды.

- Құтжол, Құтжол!

Құтжол иесіне одан сайын еркелеп, қыңсылай үн шығарып, тағат таппай тыпырлады.

- Құтжо-ол, кілт қайда, Мәруа қайда-а? — Көшім итінің басынан, арқасынан сипалап қойды. Мұны өзінше түсінген Құтжол бір нәрсе дәм ете одан сайын қыңсылай түсті. Көшімнің удай мас болып келіп есік алдына осылайша қорбыып отырғанда кейде қалтасынан көмпит пен печенье алып тастайтыны болушы еді. Құтжол да таңертеңнен бері нәр татқан жоқ. Өз үйінен ештеңе шықпайтынын сезген ол төңіректегі үйлердің мал қорасын қаншама тіміскіленіп араласа да, тіске басатын ештеңе таба алмады. Көрші үйдегі Құтпан да алдындағысын бөліспек түгілі Құтжолды көре сала

арқасын күжірейте ырылдап, арсылдай үріп, әбден иттік жасады.

- Кілт қайда, Құтжол, кілт қайда-а? Үндемейсің,ә? Әрине саған кілттің түкке керекі жоқ. Саған тек көмпит керек, көмпит. Сен қазір үйшігіңе барасың да, мұрнынды шабыңның арасына тығып рақаттанып жатып аласың. Ал мен ше, мен? Мен қай қуысқа, қай үңгірге кіріп жатам? Тағы да көршілерімнің мазасын алуым керек пе?

Құтжол иесінің қолына ұрлана қарағыштаумен үнсіз жата берді. Әрине ол егер иесінің көмпит емес, кілт іздеп әуреке түсіп жатқанын білсе, мана-ақ бұл жерден тайып тұрар еді.

Құтжол, сен менің соңғы қара қатынымның да өзінен -өзі қағынып, кеше төркініне тартып отырғанын білесің бе? Білмейсің әрине, сен ештеңе де білмейсің... Маған қатын дегендерің неге құтаймайды,ә Құтжол? Қатынсыз үйде не береке болады? Міне, сойған соғымның етін жеп, сүйегін мүжі алмай екеуміздің мына суыққа сорлап отырған түріміз мынау. Сенің қуықғай бос ішек-қарнында да жел гулеп тұрған шығар. Бірақ сенің затың ит қойсаған жүн-жрқа, тері-терсек те қорек бола береді ғой. Мына мені айтсайшы. Бүгін күні бойы самогоннан бөтен асты татып алмаппын.

Үнсіз жатып құлақ түре тындағанмен Құтжол ештеме түсінбеп еді. Бірақ иесінің қазір ашулы екенін, оның мұндай

сәттерде кейде арыстанша ақырып, артынан іле бөкседен теуіп жіберетінін жақсы біледі.

Көшімнің даусы гүжілдей шықса болды, ол лезде үйшігіне зып беріп кіріп кетуге дайын жатыр.

- Осылай біздің жағдай, Құтжолчик. Кілт жоқ, қатын жоқ, балалар жоқ. Енді менде өзіңнен бөтен ешкім қалмады, бәрі де бар еді, енді түк жоқ, Сенің де маған енді керекің жоқ. Адамнан көрмеген жақсылықты сенен көрермін деймісің? Көз алдымда көзінді сатып, қылқима, елмірмей кет, жоғал, доңыз! — Көшім қолдарын ербіндетіп, итіне ұмтыла түсіп, ақырып кеп қалды. Манадан осылай боларын іштей сезіп жатқан Құтжол орнынан атып тұрып, үйшігіне қарай жылыстады.

- Құтжол, Құтжол, мә,мә!

Құтжол кілт тоқтай қалып, артына жалт бұрылып,



тағы да ит дәмемен иесінің қолына сұқтана қарады. Бірақ ербегендеген ебедейсіз құр қолдан басқа ештеме көре алмады.

- Құтжол, менікі жай әшейін әзіл ғой. Сенде мысқалдай жазық жоқ. Сенің ит өмірің маған ұнайды. Сенде ешқандай ұят жоқ, тіпті саған ұяттың керегі де жоқ. Қандай жақсы. Сенікі, бейбақ, еркін өмір ғой. Мен сияқты алимент төлеу дегенді білмейсің. Ал сен құдың бөлінен тараған осы ауылдағы иттердің есебінде сан жоқ. Немере күшіктерің мен шөбере күшіктерің әр үйде шұбырып жүр. Ал сенің солардың нендей өмір сүріп, не ішіп-жеп жүргенінде ешбір шаруаң жоқ. Сен нағыз алиментшінің өзісің. Ал соны түк сезбегенің, білмегенің қандай жақсы. Ал мен ше? Мен ғұмырымның үштен бірінде тапқан еңбегімнің үштен біріндейін туғалы көрмеген, танымайтын-білмейтін балаларыма төлеп келе жатырмын. Ертең өле қалған күнде де алиментші деген атым соңымнан қалмайды. Қазір көзімнің тірісінде-ақ жұрт жай Көшім деп атамайды, маскүнем Көшім, алиментші Көшім деп зарлайды. Кімнің ауызына кісен салып, қақпақ қоя аласың? Мейлі!

Көшім жайлап сөйлеген соң, Құтжол да иесіне жақынырақ келіп тағы еркелей бастады. Иесінің етігін иіскелеп, пысқырынып қояды. Көшім итінің жүдеу халіне мүсіркегендей оның басынан сипалады. Құтжол адамзатқа шын берілетін итке тән сеніммен енді иесінің дәл алдына келіп маңғаздана шоқия отырды.

- Құтжол, сен ыл-ты-пы, қы-пы-зы дегендерді де білмейсің. Ал мен осылардың бәрінің де дәмін татып, босағасында отырып шықтым. Соның бәрі әйелден таланымның жоқтығынан. Сәл ішіп келіп, әйеліңе сәл ақырып қалсаң, немесе сәл жұдырық жүгірте қойсаң- аяғың аспаннан келіп заң алдынан бір-ақ шығасың. Неше рет үйленіп, загске неше рет барғаным да есімде жоқ. Бірақ мен сорлыға желімнен бетер жабысқақ әйелдер кездесіп, соңымнан калмай бақыртып отырып алимент алатын боп шыға келеді. Олардың бәрін бір жерге жиып үстеріне жермай шашып, өртеп жіберер ме еді, өртеп?!

Көшімнің дауысы қаттырақ шығып еді. Құтжол әлденеден секем алып, қозғалақтап кетті.

- Құтжол, кілт қайда, кілт қайда деймін? — Ол тағы бос әуреге түсіп, барлық қалтасын қарап шықғы. Манадан дәмелі болып отырған Құтжол иесіне бұрынғыдан да жақындаңқырап, құйрығын бұлғаңцатып, тілімен Көшімнің танауын жалап оған төне түсіп еді. Ыза болған Көшім келістіріп тұрып итінің басына бір тепті. Каннен- қаперсіз тұрған Құтжол қаңқ етіп, ыршып түсті де, иесінің опасыздығын енді түсінгендей ырылдап үйшігіне кіріп кетті.

- Құтжол-ол, Құт-жол!!!

- Ыр-ыр-р!..

## **Ол кім екен? Сол Ғүмекең!**

*Әулиекеңде кіл ағаш түбінде өскен,  
Әрине шақтары аздау шырын жескен,  
Татар боп тамсадағы кіндік қаны  
Қазақ боп аибратты ғұмыр кешкен.  
Ол кім екен? Сол Ғүмекең.*

*Шығарманың шығарып шыңға бәрін,  
Шынында батпаған – ау мұңға қалың,  
Бір елі Бейімбеттен қалмаймын деп  
Бірде әйтөуір тауыпты Күнжамалын.  
Ол кім екен? Сол Ғүмекең.*

*Келеңсізді өшіргіштей кіл өшірген,  
Жат қылықпен жағаласқан күресі үлкен,  
Қыз тудырудан ат тонын ала қашып  
Еңселі екі бірдей ұл өсірген.  
Ол кім екен? Сол Ғүмекең.*

*Көркем сөз көтеретін тауы болған,  
Көлбеңдеп азапты жұмыс, ауыр алдан,  
Адамнан тақырыпты таппай алғаш  
Қоразды қорадағы тауып алған.  
Ол кім екен? Сол Ғүмекең.*

*Дүбірлі дүниені саз ба дер ем,  
Жүзінен көктем көрем, жаз да көрем,  
Жұрт жиырмада жырласа махаббатты  
Жетпісте ару жайлы жазған өлең.  
Ол кім екен? Сол Ғүмекең.*

*Бапталған сәйгүлікше сөзі желер,  
Кеткені – ай кеңістікті кезіп өнер,  
Жүгірген кездері жоқ марапатқа  
Жүгіріп атақ, даңқтың өзі келер.  
Ол кім екен? Сол Ғүмекең.*

*Бұзылма табиғи сөз, табиғи әні,  
Бұрылар әдеппенен әр үйге әлі,  
Мешітке апта сайын бармаса да  
Миында мызғымаған бар иманы.  
Ол кім екен? Сол Ғүмекең.*

*Қартаю, жантаю және алыс тіптен,  
Қияға қызығардай намыс тіккен,  
Шал біткен шілде айында көйлек кесе  
Шауып жүр костюм киіп, галстукпен.  
Ол кім екен? Сол Ғүмекең.*

*Бәйгеге тай кезінен таласты әмән,  
Қай кезде сөз жауыны толастаған,  
Қаламмен емес, қанымен жазатұғын  
Адам мен Абай жолынан адаспаған.  
Ол кім екен? Сол Ғүмекең.*

**Нағашыбай Мұқатов**

12-ші қыркүйек  
қаламызға,  
мұсылман  
жамағатына

## Жаңа мешіт ашылды

үлкен қуаныш әкелді. Неге десеңіз? Қазақстанда адам сиымдылығы жағынан үшінші орын алатын Айтмағанбет Спан қажы атындағы мешіт халық игілігіне берілді. Дәл сол күні қасиетті, ұлық мейрам құрбан айт барша мұсылман жұртшылыққа жақсы көңіл-күй сыйлады. Таң атысымен айт намазы оқылып, қаламыздағы ислам дінін ұстанушы, иманды жастарымыз бен аға-апаларымыз, ата-әжелеріміз және де жақын маңдағы ауыл-аймақтан келген қонақтар намазға тұрған болатын. Мешіттің сәулеті көздің жауын алардай әсем, іші әркерлі ою-өрнектермен, түрлі-түсті бояулармен, жарық аспалы

лар балаларының намаз оқуларына тиым салғанын естіп те, көріп те

жүрміз. Мұндай жағдайлардың қоғамымызда орын алуы халқымыздың діни сауатсыздығын көрсетеді. Көбіне көп бозбала мен бойжеткендер намазды колледжге немесе ЖОО-на түскеннен кейін бастап жатады. Оған дейін, болса ұялы телефондардағы түрлі әлеуметтік желілерден аудио уағыздармен, болмаса ойдан құрастырылған болмайтын әңгімелермен ғана сусындаған жастар ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін айыра алмай, кім алғаш уағыз жасаса - соның артынан еріп, өзге ағымдарға өтіп кететінін байқаймыз. Сол себептен жастайынан мешіт, медіресе молдасынан ақида, фикһ ілімдерін үйренген жан қорықпай-ақ хақ



шамдармен безендірілген.

Обылысымыздағы қаражаты жеткен азаматтар За-тоболда және Федоров тас жолы бойында салынған мал сою орталықтарында құрбандық шалып, үштен бір бөлігін көптен ет дәмін аузына алмаған, көп балалы отбасыларға, әр-түрлі деңгейдегі мұқтаж жандарға таратып, батасын алды.

Құрбан айт 3 күнге созылып, айт дастархандары жайылды. Оған дәлел: университетімізге қарасты №1 және №2 студенттер үйінде тағам әзірленіп, сол жатаханаларда тұратын студенттер мен ұстаздар және қалалық мешіттерден имамдар шақырылып, дәмнен ауыз тиіп, рухани уағыз-әңгімелер айтылып, құран оқылды.

Бүгінде қаламызда болсын немесе елімізде болсын дінге бет бұрушы жастардың көбеюі көңіл көншітеді. Мектеп оқушысынан бастап зейнеттегі қарияларға шейін мешіт имамдарына барып, білім алып, намазға жығылуда. Аллаға құлшылық етуде. Алайда, ислам дінін жамылған өзге ағымдар ұйымдастырған терактілерден дене түршігеді. Тіпті кей ата-ана-

ислам дінінде нық жүре алады.

Жалпы ислам әлемінде ғалымдардың дұрыс деп тапқан 4 мазхабы (мектебі) бар. Олар: Имам Әбу Ханифа, Имам Шафиғи, Имам Мәлики және Имам Ханбали. Бұл төртеуі бір бағытқа апаратын үлкен төрт жолақты магистраль секілді, қайсы бірінің етегінен ұстасаңыз да Алланы танып білуге жетелейді. Әлем Мұсылмандарының 70%-ы имам Әбу Ханифа мазхабын ұстанады. Қазақстан да соның ішіне кіреді.

Елімізде жоғарыда атап өткендей мешіт, медіреселер мен діни оқу орындары көптеп салынса, ата-аналар балаларын жастайынан ғалымдар дұрыс деп тапқан діни білім беретін мектептерге жіберсе, қоғамда діннен қорқу және алаңдаушылық сап тиылар ма еді?

Құрбан айт мейрамына орайластырылып ашылған облыстық мешітіміз халық игілігіне ұзақ жылдар қызмет көрсетеріне сеніміміз зор.

**Оразхан ЗЕЙНОЛЛА.**





## Ақ мешіттің тарихы

Қостанай қаласындағы Ақ мешіт облыс орталығында жаңа мешіттің пайдалануға берілуіне және жөндеу жұмыстарына байланысты уақытша жабылды. Халыққа игілікті қызмет көрсетіп келген, Марал ишанның есімі берілген мешіттің мұсылмандарға қайта оралу тарихына тоқталғымыз келеді.

Ақ мешіт ғимараты Совет билігі тұсында басқа мақсаттарға пайдаланылып келді. Онда әуелі қалалық кинотеатр, кейінірек облыстық филармонияның Концерт залы болды.

1989 жылы облыстық «Қазақ тілі» қоғамы құрылғаннан бастап мешіт ғимаратын халыққа қайтару туралы әңгіме қозғала бастады. Ынталы топтың құрамында Қостанай ауданында тұрған халық ақыны Өтеміс Қалабаев, Қостанай қаласының тұрғындары Смит Жармағамбетов, Ғабиден Тәжібаев, Жүніс Мұсабаев, Рудный қаласының тұрғыны Омар Төртбаев, «Шаңырақ» корпорациясының президенті Уәлихан Айтмұхамбетов, кәсіпкер Серік Нұрханов, ақын Ақылбек Шаяхмет, тележурналист Мұхтар Қажымұратұлы, жергілікті молда Абдулхамит Өтенов, көптеген қазақ және татар азаматтары болды. «Дала қоңырауы» газетінде мешітті қайтару турады бірнеше мақала жарық көрді.

1991 жылы 13 мамырда мешіт ғимаратында – сол кездегі Концерт залында Түркия азаматы, Стамбул университеті мен діни медресенің шәкірті Миллетхан Зенгинмен кездесу өтіп, оған Алматыдағы «Тәуба» имандылық ұйымының өкілі, адам құқын қорғау жөніндегі халықаралық үйлестіру кеңесінің мүшесі

Мұратбек Есенғазин, сонымен бірге Стамбулда діни дәрістер тыңдаған жерлесіміз Сапаржан Темірбаев қатысты. Осы жолы екінші рет мешіт ғимаратында құран аяттары оқылды.

Алғаш рет Құран аяттары 1986 жылы қаза болған Желтоқсан құрбандарына 1987 жылы өткен Еске алу кешінде дәл осы залда оқылған болатын. Оны да «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымы ұйымдастырған еді.

1991 жылы Қостанай облыстық атқару комитетінің Кіші залында тіл жанашырлары мен діндарлар жиналып, өз ұсыныстарын білдіргеннен кейін облыстық кеңестің төрағасы Н.Князев пен қалалық комитеттің төрағасы В.Корнев мешітті қайтару туралы ұсынысты қолдайтынын айтты. Осы жылы мешіт ғимараты мұсылмандарға қайтарылды. Оның реми түрде ашылуына сол кездегі Қазақстан мұфтиі Рәтбек қажы Нысанбайұлы қатысты. Осы жылы «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымы мен Ақ мешіт бірлесіп облыста тұңғыш рет «Дидар» кафесінде ауызашар өткізді.

1993 жылы мешіттің салынғанына 100 жыл толуы аталып өтті. Оған сол кездегі облыс әкімі Кенжебек Үкин және Ақ мешіттің хатиб-имамы Асқар Мұсаұлы қатысты. 1993 жылы осы мерейтой қарсаңында «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымы басқармасы мен Ақ мешіттің алқасы өзара бірлесіп, «Тірілтейік тілімізді, Дәріптейік дінімізді» деген тақырыпта телемарафон өткізді. Марафонда он миллион теңгеден астам қаржы жиналып, мешіт қажетіне жұмсалды.

## Мақсаты айқын Мәдина

2014 жылдан бастап Қазақстанда «Серпін-2050» «Мәңгілік ел жастары - индустрияға» мемлекеттік бағдарламасы жұмыс істейді. Бағдарламаның мақсаты – еңбек ресурстарының артықшылығы бар еліміздің оңтүстік өңірінің жастарын, кадрлар жетіспей отырған аймақтарда – шығыс, батыс және солтүстік Қазақстанда оқытып, жұмысқа орналастыру. 2015 жылы «Серпін-2050» бағдарламасымен жобаны іске асыруға қатысатын университетіміздің техникалық, технологиялық, ауылшаруашылығы және ветеринарлық мамандықтары қамтылды. 2015 жылы университетімізге «Серпін - 2050» бағдарламасы бойынша оқытуға 450, ал 2016 жылы 570 мемлекеттік оқу гранты бөлінген. Дәл осы грант иегерлерінің бірі - Асан Мәдина.

Мәдина - университетіміздің өнерлі, белсенді 1-курс студенттерінің бірі. Ол Оңтүстіктің мақталы мекені - Жетісай қаласы Мақтаралы ауданынан білім қуып Қостанай қаласындағы Ахаң атындағы қара шаңыраққа оқуға түскен. Ол 1999 жылы наурыздың 26-шы жұлдызында дүниеге келген. Ақпараттық технологиялар факультетінің студенті. Мамандығы «Есептеу техникасы және бағдарламалармен қамтамасыз ету», болашақ бағдарламашы. Сондай – ақ, Мәдина өз тобындағы талантты студенттердің қатарынан. Ол музыкаға өте жақын. Домбыра, гитара, сазсырнай және күйсандықта да (пианино) ойнайды. Музыкаға деген махаббаты 11 жасынан, яғни, 6 сынып оқып жүрген кезінен ояна бастаған. Ата-анасынан дарыған бұл өнер оны асқақ армандарына жетелейді. Жас таланттың айтуынша оның жанұясындағы ата-анасы, туған ағалары да бірнеше музыкалық аспаптарды игерген. «Музыкалық білімім жоқ, бәрін өзім үйрендім, болашақта домбырамен үлкен сахналарда өнер көрсетсем деген арманым бар», - дейді Мәдина.

Сонымен қатар, өнерлі студент қазір университет қабырғасындағы «Өнер студиясының» домбыра үйірмесінде өнерін шыңдаса, оқу орнындағы «Ахмет ұрпақтары» зияткерлік пікірсайыс клубында да өзінің ой ұшқырлығы мен белсенділігін танытып жүр. Осылай бос уақытын тиімді пайдалану үшін қызығушылығын одан әрі дамыту үшін барлық жағдай жасалғандықтан Мәдинаға оқу орны ұнайды екен. Болашақта білікті маман иесі болатын студенттің мақсаты айқын.

**Гүлім САҒЫДАТ,**  
**ГЭФ журналистика мамандығының 2-курс студенті.**

## Ұстаздар күніне арналған мерекелік кеш

А х м е т Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде ұлағатты ұстаздар күніне арналған, мерекелік кеш өтті.

Кешті ұйымдастырғандар «Өнер студиясы» ұжымы. Концерттік бағдарлама университет ректоры Х.Валиевтің ұстаздарды құттықтау сөзімен

басталды. Құттықтау сөз кезегі университеттің Оқу және тәрбие жөніндегі проректоры Алмас Ахметұлы Әбсадықов пен Ғылым және сыртқы байланыс жөніндегі проректор Жеңіс Бақытбақұлы Жарлығасовқа да берілді. «Өнер студиясының» талантты жастары жиналған қауымды сыңғыр дауысты әндері, мың бұралған билерімен таңқалдырды. Бірқатар оқытушылары Қостанай облысы әкімінің, қала әкімінің сондай-ақ Қалалық мәслихатының мақтау қағаздарымен, Ректор мадақтамасы және алғыс хаттарымен марапатталды. Мерекелік концерттік бағдарлама аяқталысымен өнерлі студенттер мен ұстаздар қауымы ортақ фотосуретке түсіп, жайдарлы көңіл-күймен тарасты.



«Өнер студиясының» меңгерушісі Әсия Әйіпқызы Беркенова:

Әрине, бағаны көрермендер береді. Ал, мен ұйымдастырушы ретінде алға қойған мақсатымызды орындадық деген ойдамын. Ұстаздар күніне арналған мерекелік кештің

тақырыбы ашылды. Балдәурен баладан бастап барлық жандардың өмірдегі ұстаздарына борышты екендерін, әрі қарай дамып, алға басыу оқытушылар еңбегінің арқасы екендігін дәлелдеген сияқтымыз. Ұстаздар қауымын мерекелерімен шын жүректен құттықтай отырып, ұстаздық бақыт тілеймін! Абай атамыз «ақылдыдан шыққан сөз білімдіге болсын кез» демекші, ұстаздан шыққан білімнің нәрі талаптылардың егінінде егілсін деймін.

**Тұмарым БАБАСАНОВА,**  
**журналистика мамандығының**  
**2-курс студенті.**



## Қызықты кездесу

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің мәжіліс залында өткен Тілдер күніне арналған шараға елімізге танымал ақын-жазушылар, университет оқытушылары Ақылбек Шаяхмет және Нағашыбай Мұқатов шақырылды. Кездесуге ақпараттық технологиялар факультетінің ақпараттық жүйелер мамандығының студенттері қатысқан болатын.

Іс-шарада оқытушыларымызбен ашық тілдесулер болып, ана тіліміздің болашағы туралы жан-жақты сөз қозғалып, қонақтар жастарға ана тілдің қасиетін өсиет етіп ғана қоймай, өздерінің басынан өткен қызықты оқиғаларымен бөлісті. Студенттеріміз Жансүгір Ерлан, Таңерберген Мәриуерт, Түзелов Бейбарыс, Қалғаппар Қуаныш ақындардың өлеңдерін оқыды. Ақындар студент жастардың қойған сауалдарына жауап қайтарды. Кездесуде азаматтық ұстаным және қазақстандық патриотизм туралы да жан-жақты әңгіме болды.

Кеш Жақсыбай Ерсұлтаннның орындауында Секен Тұрысбековтың «Көңіл толқыны» атты күйімен тәмамдалды. Кездесудің жоғары деңгейде өтуіне Ақпараттық технологиялар факультеті деканының тәрбие жөніндегі орынбасары Камешова Сәуле Серікқызы ұйтқы болды.



# Қазақ даласына себілген білім ұрығы

Ақылбек ШАЯХМЕТ,  
Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ  
профессоры, жазушы

Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин туралы зерттеулер де, ғылыми еңбектер де аз емес. Алайда, ағартушының шығармашылығы мен өмірін түгел зерттеп болдық деп айтуға өрте. Кезінде Мұхамеджан Серәлин Ыбырай Алтынсаринның қазақ даласына сепкен білім ұрығы ол қайтыс болғаннан кейін лайықты жалғасын тауып, өңбей жатыр деп қынжылды. «1914 жылдың 17 шілдесінде алтын басты Ы. Алтынсаринның қайтыс болғанына 25 жыл толды. Оның қазақ халқына жасаған қызметі орасан зор. Ал оны еске алған қазақтар болды ма екен? Жоқ! Шамасы, мәдениетті халықтар қатарына қосылу бізге әлі алыс болуы керек», – деп жазды.

Мұхтар Әуезов Ыбырай Алтынсарин туралы сөз қозғаған мақаласында қазақтың Абай, Шоқан, Ыбырайдай үш алыбына да қазақ даласынан алғашқы шыққан елшілер деген баға беріп, халыққа сіңірген қызметі жағынан Ыбырайдың қайраткерлігі аса бағалы екенін тап басып, атап көрсетеді. «Ыбырай жанағы екеуінің де ісін өз өміріне түйістіріп, қоса білді. Сүйтіп, ол екеуі де істемеген тың тарихтық ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолынан орнатты», – деп, ағартушы мұрасын толық тануға, одан үлгі алуға шақырады.

«Сол халық Абайды, Шоқанды, Ыбырайды берді. Тәтімбет, Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғаптар қаншама? Қазақта жүзге салым хан болды. Солардың ешқайсысы да осы қазақ оқысыншы, өссінші, іргелі ел болсыншы дегенді өте аз ойлапты. Солардың қай-қайсысынан да Ыбырай Алтынсарин ілгері тұр ғой. Жалпы, Ыбырай істің адамы. Сол өлкеде Шоқан туды. Сол өлкеде Мұхамеджан Серәлин, Бейімбет туды. Спандияр мен Бекет те іргелі азаматтар еді», – деген Ілияс Омаровтың сөзі де оның Мұхтар Әуезов ойымен сабақтастығын көрсетеді.

Ыбырай Алтынсарин да, оның мектебінен оқып шығып, ісін жалғастырған Алаш ардақтылары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омарұлы сынды ұлы ұстаздар да «заманың түлкі болса, тазы боп шал» дегендей, заман тауқыметіне қарсы күресте ағартушылық жолды қалағаны рас. Өйткені, қазақ халқының болашағы үшін күрестің сара жолы осы болатын.

Ыбырай Алтынсарин өзінің Николай Ильминскийге жазған хаттарының бірінде: «Мұнда халық ағарту ісі жаңа ғана басталып келеді. Жаңа салынған үйдің жақсы болуы, оның ірге тасының беріктігіне және мықтылығына байланысты ғой. Ал біздің ісімізде де қазақ мектептерінің бүкіл болашағы, көбінесе, қазіргі басталған іске байланысты, сондықтан мен ең жақсы мұғалімді дүниедегінің бәрінен де қымбат бағалаймын.

Ізгілердің ізгісі, бізді тастамаңыз, мүмкіндігі болғанша, бізді қабілетті және асыл адамдармен қамтамасыз етіп тұрыңыз... Халық мектептері үшін ең керектісі мұғалім. Оларға ең жақсы педагогикалық оқу құралдары да, ең мейірбанды үкімет жарлықтары да, өте мұқият инспекторлық бақылау да тең келе алмайды», – деп жазуы тегін емес.

Ыбырайды орысшыл еді деген пікірге келетін болсақ, ол туралы Торғай облысы мектептерінің инспекторы болған А. Балғынбаев: «Өзіне келген орыс қонақтарды-мұғалімдерді және басқаларды ол өзінің кабинетінде және еуропаша жабдықталған асханасында қабылдайтын еді. Өздері болса үй ішінде, қазақтың әдеті бойынша кілем төсеп, жерде отырып тамақ ішетін. Үйде жүргенде ол қазақ киімін-бешпент, шалап, тақия немесе жиегіне құндыз ұсталған бөрік киетін», – деп сипаттаған.

Совет дәуірі идеологтары ұлы ағартушының «Мұсылманшылдық тұтқасын» жазып, шәкірттерге Ислам қағидаларын ұғындырғысы келгені туралы жұмған ауыздарын ашпаған, кейінірек қана кейбіреулері оны кертартпа пікірі болған деп бағалаған.

Бауыржан Омарұлы «Зар заман поэзиясы» атты монографиясында 1959 ж. қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда ғалым Бек Сүлейменовтың ел құлағын елең еткізген тың дерек айтқанын жазады. Ол: «Ыбырай Алтынсариннің әдеби ағымға көзқарасын «Горе киргиз» деген қолжазбасы толық танытады. Бұл оның Түркістан қазақтарының, Түркістан өлкесі ақындарының «зар заман» туралы шығармаларына жасаған қорытындысы еді. Ы. Алтынсаринның бұл берген бағасын өте орынды деп білемін. Мұнда ол «зар заман» әдеби ағымын патша үкіметінің отаршылдық саясаты, жұт қоян жылдары деп аталатын ашаршылық пен жалаңаштық кезең туғызды дейді. Бұл жерде Ы. Алтынсаринның «зар заман» ағымының тууына патша үкіметінің отаршылдық саясаты себеп болды дегені дұрыс. Ы. Алтынсарин зар заман туралы жазбаған адам жоқ деп, оларды өз тексінде келтіреді», – дейді.

«Горе киргиз» яғни «Қазақтар қасіреті» орталық мұрағаттың құжаттар қорынан табылып отыр. Ұлы ағартушы сол тұста вице-губернатор В. Ильинге оның аудармасын қоса жолдайды және сол жырлардың тууына себеп болған тарихи-әлеуметтік оқиғаларға талдау жасайды. Бұл талдауларда баса көрсетілген, беті ашылған кемшіліктер – отаршылдардың үстемдігі, олардың қазақ жерін тартып алуы, осыдан кейін қазақ даласында қоян жұтының болуы, сайлау жүйесіндегі жөнсіздіктер, қазақ даласына дендеп кіре бастаған алаяқтық пен парақорлық, 1882 ж. уақытша ереженің қарама-қайшылығы, қазақ тұрмысымен үйлеспейді. Ұлы ағартушы парамен сайланған болыс әуелі мал-мүлкін шығын қылады да, кейін болыс болып



алғаннан кейін соның орнын толтыруға барлық күшін салады деп түсіндіреді.

Осы орайда Қазақстанның халық ағарту комиссары болған Смағұл Сәдуақасовтың 1926 жылы Ташкент қаласында педагогикалық жоғарғы оқу орны ашылғанда жасаған баяндамасына назар аудармаса болмайды. Бұл баяндамасында С.Сәдуақасов қазақ-орыс мектептерінде негізінен православие дінін қабылдаған қазақ жастарын дайындау белең алғанын, қазақ балалары оған өз еріктерімен бармағанын, сондықтан да қазақтар өз арасында жеребе тастағанын, немесе кедейлердің балаларын осындай оқуға жіберу үшін сатып алып отырғанын айтқан. «Орыс империализмі капитализмнің нығайған топырағында ғана туған жоқ, жалпы алғанда, ол отар халықтардың қан-сөлін сығып алу есебінен өсті және дамыды. Сондықтан да орыс отаршылдығы Батыс өз отарларына берген көзге қораш экономикалық «пайданың» өзін бізге бере алмады. Ол тұста патшалық Ресейдің үкіметі нені армандап еді? Оның арманы, өкінішке орай, қазақ халқын орыстандыру, олардың арасында православие дінін тарату болатын. Жоғары маманданған орыс миссионерлерінің ірі ұйымдарының осы бағыттағы атқарған жұмысын кім білмейді?

Миссионерлердің мұндай жұмысы ең алдымен ақ патшаның жомарт қолымен марапатталып, ұлт есебінде қазақ халқын біржолата жоюға бағытталды. Мұндай зұлымдық мақсатты көз алдымызға келтірудің өзі қиын» деген сөздерге айырықша назар аудару керек.

Орыс миссионерлері орыс тілін қазақ баласының көзін ашу үшін емес, ол өзінің ана тілін мүлдем ұмытуы, мұсылман дінінен бас тартуы үшін үйреткенін аңғару қиын емес. Ыбырай Алтынсарин «Горе киргиз», яғни «Қазақ қасіретінде» осы жайды тап басқан, зар заман ақындары шығармашылығын талдай отырып, өз тілі мен дәстүрінен айырудың зардаптары туралы ой қорытқан. Сондықтан да ол өзі туралы айтылған пікірлерге тосқауыл қойғысы келіп:

«Аласы ағайынның алаңдатты,  
Көре алмай көп ішінен жамандатты.  
Шоқынды, крест тақты, көпір болды деп,  
Келгенін ауызына айтып бақты», – деп қамығады.

Алтынсарин заман ау-жайын дәл таныған, тамыршыдай дертін де білген, сол қапаста ауа жетпей тұншыққан жандай өмір сүрген, халық тағдырына

алаңдаған, келешекті болжай білген қайраткер. Орыс тілінде сөйлесе де қазақ үйінде отырғанын ешқашан естен шығармаған ұлы тұлғаны кезінде өз замандастары да ұға алмаған. Оны дұрыс түсіну және жете түсіндіру бүгінгі ұрпақтың парызы.

Ұлы ағартушының ата-тегіне келсек, белгілі ғалым Әнуар Дербісәлин «Ыбырай Алтынсарин» деп аталған еңбегінде: «Ыбырайдың арғы аталары қазақ шежіресі бойынша Қыпшақтың Алтыбас деген арысынан тарайды. Балқожаға байланысты сақталған орыс тіліндегі деректерде Ұзын қыпшақ руы деген атаулар да кездеседі. Бірақ мұның қайсысында да қате жоқ. Ұзын – Алтыбастан арғы буын. Мұның жалпы кестесі мынадай: Қыпшақтан Бұлтың, Ұзың, Торы, Көлдеңен, Қарабалық. Ұзыннан Алтыбас, Алтыс. Алтыбастан Қараман, Қармас. Қараманнан Тіней. Тінейден Жанболды, Құндыз. Құндыздан Көбек. Көбектен Әжіғұл.

Әжіғұлдан Жанақ, Шабынтай. Жанақтан Тәстемір. Тәстемірден Жаңбыршы. Жаңбыршыдан Қанқожа, Балқожа. Балқожадан Алтынсары, Қошан. Алтынсарыдан Ыбырай, Қошаннан Оспан, Омар туады т.б.» (Алматы: «Арда» баспасы, 2005 ж. 10 бет), – деп жазады. Ғалым Балқожа шамамен ХVIII ғасырдың 80 жылдарында туған, 1859 жылдың көктемінде, жасы



жетпістен асқанда қайтыс болған дейді. Балқожа өлерінде Тобылдың оң жақ бетіндегі қыстауының қасына, сол арадағы шағын төбешікке жерлеуді өсиет етеді.

Ә.Дербісәлиннің жазғанына қарағанда, Ыбырай шілде (1859) айының алғашқы күндеріне дейін атасының бейітін салып бітірген. Автор «Ыбырайды Ақтам аталатын Балқожа әулетінің зиратына қазақтың ескі дәстүрі бойынша құрметтеп жерлейді. Бұл жер кейін Ыбырайдың атымен Инспектор көлі аталады» – деп атап көрсетеді. Сондықтан да қазіргі ұрпақтың ең басты парызының бірі осы зиратқа жерленген Ыбырайдың атасы Балқожа бидің және әкесі Алтынсарының басын қарайту, құлпытас орнату. Абайдың «Моласындай бақсының, жалғыз қалдым, тап шыным!» деген өлеңінде айтылғандай, жапандағы жалғыз мола не жол тосқан қарақшыныкі, не зікір салған бақсыныкі ғана болады. Бұл жер қыпшақтар бейіті. Өкінішке орай, кешегі тың игеру жылдарында осы бейіттің үстімен шынжыр табанды тракторлар жүрген, оларға тіркелген соқалар зират орнын жымжылас қылып, тегістеп жіберген.

# Өнерлі өрге жүзер

Адамды асқақ сезімге бөлеп, жан дүниесін нұрландырып рухани байлығына айналып отырған құдірет – өнер. «Өнер – ағып жатқан бұлақ, ғылым жанып тұрған шырақ» деп халқымыз тегін айтпаған. Әсем ән айтып, мың бұрала би билеп немесе нақышына келтіріп күй тарту кез-келген жанның қолынан келе бермейді. Еліміздің ертеңгі иелері саналатын жас өрендеріміз отансүйгіш, белсенді, білімді, бәсекеге қабілетті болса, мемлекетіміздің де келешегі кемел деген сөз. Біздің Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде талантты жастардың қатары жыл санап өспесе, кеміген емес. Өнер мен білімді қатар алып жүрген жастардың бірі – Ғалым Жанайдар Сайлауұлы. Қазіргі таңда Ахаң атындағы қара шаңырақтағы экономикалық факультеттің 2-курс студенті.

**- Университет қабырғасында қандай сайыстарда бақ сынадыңыз?**

- Журналистика мамандығынан экономикалық факультетке ауысып барғаннан соң, ең алғаш «Қысқы балға» қатысқан болатынымын. Факультет атынан бірнеше студент өнер көрсеттік. Сол кезде «Ең ғажайып факультет» деген атақты алған болатынбыз. Алдыңғы жылы, барлықтарыңыз білетіндей «ҚМУ MAN - 2016» сайысына қатысып бас жүлдені иелендім.

**- Сайыстарға қатысып жүрген кезде, қолдау көрсетіп, жаныңыздан әрдайым табылатын жан-дар бар ма?**

- Бәлкім мен қалада жүргендіктен болар, ең бірінші ата-анам десем өтірік айтқаным болады. Әрдайым қолдау көрсетіп, мен қандай сайыстарға қатыссам да жанымнан табылатын Ерғанат, Бекзат, Әмір деген үш жан жолдасым бар. Қандай жағдай болмасын үшеуі маған қол ұшын созып, жәрдемдесіп отырады.

**- Бүгінгі күні «Шаңырақ» театрын құрып жатқаныңызды біреу білсе, біреу білмес. Сол туралы айтып берсеңіз.**

- Ең алғаш театрды ашу туралы ұсынысты экономикалық факультеттің деканының тәрбие жөніндегі орынбасары Әсел Дүйсенғалиқызы айтты. Университетіміздің талантты жастарын сахнаға тартып, өздерінің өнерлерін ары қарай жетілдірсе екен деген оймен осы театрды ұйымдастырдық.

**- Театрда қойылатын қойылымдардың сценаристі кім?**

- Ақылбек Шаяхметке көп-көп рахмет. Сол кісі бізге бастау алып, қолдау көрсетіп, сценарийін беріп жатқан жайы бар. Келесіде сценарийн өзіміз жазуға тырысамыз. Ал қазіргі уақытта біздің театрдың қоржынында төрт қойылым бар. Біреуі ата-анаға байланысты болса, екіншісі жастарға



байланысты. Оған қоса Ақылбек ағамыздың берген

**Әсел Дүйсенғалиқызы, экономикалық факультеттің деканының орынбасары:**

- Біздің Жанайдар талантты да талапты жастардың бірі. Негізінен жұлдызы 2016 жылы көктемде өткен «КГУ MAN 2016» сайысында жанды. Сол сайыста көрсеткен қазақ баласына тән өнері, жігері, әрбір қазақтың бойында болуы тиіс деп ойлаймын. Оқуы мен тәрбиесі жағынан келсек те өзін әрдайым жақсы жағынан көрсетеді. Жанайдарды мақтан тұтамыз. Біздің экономикалық факультеттің абыройын биікте ұстап келе жатқан студенттердің бірі деп айта аламын.

екі сценарийі бар. Енді оны қалыптастырып, іске асырсақ биылдыққа театрымыздың жобасын қорғауға бізге емін-еркін жетеді. Болашақта таатрымыз өркендеп жатса, сценарий табу қиындық тудырмайды деп сенемін.

**- Студент жан-жақты болу үшін қандай болуы керек деп ойлайсыз?**

- Мен өзімді жалқауым деп айта аламын. Бірақ студент жан-жақты болу үшін аға-

апаларымыз оны қызықтырып, өнерге тарта білуі керек деп ойлаймын. Мысалы, қарапайым мультфильм балаға шамалы қызық болса, ол оны соңына дейін көреді. Сол сияқты баланы қызықтыра білсе, ол бала одан сайын жігерленіп, бір сайыстан екінші сайысқа қатысқысы келіп отырады. Сайыстарға қатысқанда жаңа ортамен танысасың, тәжірибе жинайсың. Ал сол қатысушылардың арасын жалғап тұрған өнер. Одан аттап ешкім кете алмайды.

**- Берген сұхбатыңызға көп рахмет! Алдағы уақытта еңбегіңіз жемісті болып, жұлдызыңыз биікте жарқырай берсін.**

**Жамал ШАУКЕН,  
ГӘФ журналистика  
мамандығының 2-курс студенті.**



# Ана махаббаты



Елімізге белгілі кинорежиссер Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жол» атты кинокартинасының тұсаукесері биылғы жылдың 1 наурызында Астана қаласында өткен еді. Алғашқы көрсетілімге Елбасы Н.Ә.Назарбаев та қатысқан болатын. Киноэпопея жуырда Қостанай қаласындағы кинотеатрларда да көрсетіле бастады. А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың студенттері және олардың ата-аналарына «Қазақстан» кинотеатры жеңілдетілген бағамен билет сатып, көрерменге қуаныш сыйлады.

Отандық фильмнің желісі ана мен перзенттің арасындағы ыстық мейірімді дәріптейді. Басты кейіпкер Ілияс (Әділ Ахметов) пен анасының (Алтынай Нөгербек) арасындағы ұлы сезім олардың басына туған барлық қиын күндерді артқа тастап, қайта қауышуына себепші болады.



Фильм 1930 жылдан бастап қазірге дейін аралықты қамтиды. Мұнда халықтың басынан өткен қиын-қыстау кезеңдер (ұжымдастыру, жұт, соғыс жылдары) басты кейіпкерлердің тұрмыс-тіршілігі арқылы беріледі. Басты рольді сомдаған Ілияс нәубет жылдары отбасынан қол үзіп, жастайынан интернатта өседі. Одан кейінгі қиындық, Ұлы Отан соғысын да бастан кешеді. От пен оқтың ортасында жүріп тұтқындар лагеріне түседі. Тағдыр оны әр соқпаққа лақтырса

да, анасымен қауышуды бір сәтке ойынан шығармайды.

Кинокартинада соғыстан кейінгі халықтың тұрмыс-тіршілігі, ел ішіндегі күрделі кезең, ұжымдастыру науқаны, одан кейінгі әртүрлі қиындықтар баяндалады. Бұл фильмдегі негізгі рольдерде ойнаған артистер Әділ Ахметов пен Алтынай Нөгербек көрермендерге етене таныс. Декес те, бұл жолы актерлер жаңа қырынан танылған сияқты.

Ілиястың анасына, туған жеріне және Отанына деген шексіз махаббаты, сағынышы барынша айқын сипатталады. Қазақ халқының тағдыры шынайы суреттеледі. Бұл картина елін, жерін сүйетін жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыратынына сенемін. Себебі, баласын зарыға күткен ананы бейнесі, қазақ халқының бастан кешкен қиын



тағдыры жүректі елжіретіп, ой салады. Мына жарық дүниеде ананың перзентіне деген махаббатынан ыстық ештеңе жоқ шығар. Бізді алға жетелейтін де, мқңайған сәтте күш беріп, жігерлендіретін де ана махаббаты емес пе!

1 наурызда өткен кинокартинаның алғашқы таныстырылымында мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев: «Бұл – негізінен, бала мен ананың мәңгілік сүйіспеншілігіне, перзенттік махаббаттың құдіретіне арналған кинокартина. XX ғасырдағы тарихи кезеңдер мен кейіпкерлердің жарты ғасырға жуық уақытын қамтитын мұндай тарихи драмалар, әсіресе, кейінгі жас ұрпақ үшін еліміздің өткен тарихын танып-білуіне өте-мөте қажет» деген болатын.

Анаға апарар жолдың» бас продюсері — Әлия Назарбаева. Ал, сценарийді бұдан бұрын да Сатаевпен бірге бірнеше картинада жұмыс істеген Тимур Жақсылықов жазған. Туындыны әуенмен әрлеген — композитор Ринат Ғайсин.

Тарихи драманың түсірілім жұмыстары Қазақстанда, Беларусьте және Әзірбайжанда жүргізілді.

**Сымбат БАЙДІЛДИНА,**  
аграрлық-биологиялық  
факультетінің 2-курс студенті.



## ҚАЗАНАТТЫ ДИҚАН ҚАМЗАБЕКҰЛЫ

Ғылым, білім саласына қызмет еткен тұлғалардың ерөн еңбегін бағалаудың ең биік нүктесі ретінде, әдетте, «төрт түліктің төресі» атанған түйенің қадыр-қасиетіне қатысты «қара нар», «нар тұлға» сынды тіркестерді жиі қолданамыз. Біз ақ қағазға сия түсіріп, ала түске айналатын жазба арасынан орын табар ойымыздың тамызық-тақырыбына ел басына күн туған заманда ерлер мінетін арғымақты, тұлпарды қадірлейтін қазақтың бағасы—«қазанат» атауын беруді жөн санап отырмыз. Оның бірнеше себебі бар.

Біріншіден, қазанат арғымақтың бойынан қазақ қадірлейтін «шоқтығы биік, мініске берік, шабысқа жүйрік, шымыр, кең тынысты» сынды қасиеттер символикалық тұрғыдан мақала кейіпкерінің ғылым-білім саласындағы атқарып жүрген қажырлы, табанды еңбегі мен тәңірден түскен талантының бағасындай көрінеді бізге.

Екіншіден, бұл тіркесте мерейлік рәсімге байланысты туындайтын рәміздік сипат бар. «Ер жасы - елу» дегендей, нағыз ердің мінетіні — қазанат. Бүгінгі біздің танымыздағы қазанат — еңбегі жанған, ел таныған тұлғаның тұғырлы бағасы.

Ал енді үшіншісі — көңілдегі керікті ойды кеңістікке (сыртқа) шығаратын ақпарат-сөздің сыртқы формасы мен ішкі мағыналық мәйегін біріктіретін айшықты тіркес. Мұндай тіркестер қазақтың ертегілік, эпостық мұраларында жиі кездеседі: «Тарлан атты Ер Тарғын», «Қара қасқа атты Қамбар», «Керқұла атты Кендебай», т.б. Бірақ біздер бейнелі түрде «қазанат атқа отырғызған» кейіпкеріміз - жауынгерлік замандағы елді жаудан қорғаған эпикалық батырлардың жиынтық бейнесі емес, бейбіт өмірде ұзақ жылдар отарлық кеңістікте өмір кешкен ұлттың рухын қайта түлеуіне, оның өрлеп, өркендеуіне өрнекті үлес қосып жүрген ғалым-ұстаз, азамат тұлғаның ғылыми саладағы қызметінің бағасы.

Қазаққа Алашты қайта оралту, кеңінен таныту, насихаттау арқылы өзі де елге танылған тұлға - филология ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корресподент-мүшесі Диқан Қамзабекұлы. Ол - азаттықтың ақ таңы арқылы ортаға оралған Алаштану сынды ғылыми құбылыстың қалыптасуына ә дегеннен-ақ тікелей қатысып, ширек ғасырдан бері өзіндік

ізденіс, табандылық, қажырлық көрсете қызмет етіп келе жатқан ғалым. Тәуелсіздік арқасында әу баста қоғамдық таным-санамызға баяғы тың көтеру ісіндей болып орныққан Алаштану ол кезде жастардың арасында, бүгінгі күнгідей іздеушісі мол емес, жоқшыға зәру еді. Сол тұстағы жас буынның

бауында жоқшының қатары аз болғанымен, тәуелсіздік рухымен қанаттанған, талабы мол бір топ жас өркен буын болды. Сол буынның бел ортасын Бауыржан Омар, Амантай Шәріп, Сұлтанхан Аққұлы сынды талантты жас зерттеушілер құрады. Олардың тәуелсіздік орнағаннан кейінгі құндылықтар өзгерген, экономикалық қиыншылықтар орын алған «туманды» жылдар керуенінде жастық жалын отына орана жүзіп жазған еңбектері, зерттеушілік ізденістері, бүгінгі таңда өз жалғасын тауып, қазақ әдебиеттану ғылымының салмақты, сәулетті сарайының төрінен орын алып отыр.

Ә л қ и с с а , А л а ш қозғалысының тұтас бірнеше буыны қалдырған қымбат қазынаға жас буын өкілі Қамзабекұлы Диқан кен іздеген кеншідей «қазып» кірді, егін баптаған диқаншыдай бейнетіне «төзіп, көнді». Соның нәтижесінде Алаштанудың әдебиет, ру-

ханият саласында ұзақ жылдар төккен еңбек пен тердің мәуелі жемісіндей болған сүбелі еңбектер жарияланды. Ғалым сиясынан шыққан сырлы, құнарлы ойлар, тың танымдар қазақ руханиятының кеңістігіндегі өз орнын тапты.

Алаштануға араласқан уақытта Диқан Қамзабекұлы қылшылдаған жігіттік шақта еді. Жас жігітті ғылыми ізденіске баулыған, жол көрсеткен көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Серік Қирабаев шәкіртінің жалындаған жастығын ескереді ме екен, әйтеуір, Алаш зиялыларының ішінде баржоғы отыз үш жас өмір сүріп, аз ғұмырдың ішінде артына мол шығармашылық мұра, елге қызмет көрсетудің үлгілі өнегесін қалдырып кеткен Смағұл Садуақасовтың шығармашылығын зерделеу тақырыбын ұсынады.

Еңбекқор жас жігіт бас-аяғы үш-төрт жылдың ішінде Алматы, Мәскеу, Қазан, Ташкент архивтерінің шаңын қағып жүріп кеңестік саясат сахнасында «оңшыл-уклонист». «ұлтшыл» деп қараланып, оның идеялары мен жақтастарына «садуақасовщина» деп үрке қарап, ақырында 1933 жылы Мәскеу





Диқан Қамзабекұлының зерттеуінше, қазақтың азаттығы үшін күрескен С. Садуақасов Мәскеуде 1933 жылы 16 желтоқсанда көз жұмады. Қазақстанның азаттығы 1991 жылы 16 желтоқсанда жарияланады. Кездейсоқтық па, әлде бір құдірет пе? Ғалымның пайымынша, құдірет. Ал құдіреттің басты ұғымы - Алланың жазымы. Алланың жазымы – ақиқат. Ендеше, түптеп келгенде, Тәуелсіздіктің оралуы - ақиқаттың, әділеттің орнауы. Дөкең мұрындық болып, шырақ алып жолға түскен жоқшысы болуы арқасында елге оралған Алаштың Сұмағұлының өртенген күлінің елге оралуы да – әділеттілік, тәуелсіздік жемісі. Әсілі, жұмыр басты пендеге қайсібір әділдікті орнату үшін үлкен қажыр-қайрат, еңбек, төзімділік, қайраткерлік қажет. Бұл - Қазантты Қамзабекұлының қанына сіңген қасиет.

Алаш зиялыларының мұрасынан сусындаған Дөкең басқа жолға бұрылмады... Алаш тақырыбындағы зерттеуін одан әрі жалғастыра берді. 1996 жылы «Сұмағұл Садуақасұлы» атты кітабын, 1997 жылы «Руханият» атты ғылыми зерттеулер жинағын шығарады. Сол ізденістер 2002 жылы Алаш зиялыларының әдебиет, рухани саласындағы орны мен маңызын концептуалдық тұжырым мен бағдар сығымдалған «Әдеби тарихи процесс: ағымдар, концепциялар» атты ғылыми зерттеуіне сара жол салды. Аталмыш тақырыптағы докторлық диссертацияны Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы қабырғасында қорғап, филология ғылымының докторы атанды.

Іле-шала докторлық диссертация негізінде «Алаш және әдебиет» атты монографиясын баспадан жариялайды. Монография Алаш зиялыларының әдеби мұрасын танудағы маңызы сүбелі еңбек болып табылып, әдебиеттану ғылымы ортасында ағартушылық әдебиеттің кезеңдері, басты арналары, жаңашылдығы мен дәстүр жалғастығы, қазақ топырағындағы жәдитшілдік сынды күрделі мәселелер кешенді түрде зерттелген еңбек ретінде бағаланды. Монографияда ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Орта Азия мен Шығысқа түгел дерлік тараған жәдитшілік ағымды Алаш зиялыларының әдеби мұрасымен тығыз байланыстыра қарастырады. Ресей империясының құрамындағы түркі халықтарының қозғалысы болып есептелетін жәдитшілдік реформасы ең алдымен білім беру, яғни ағарту саласында жаңашылдық орнатуды көздеді. Исмаил Гаспыралы бастаған жәдитшілікті Алаштың Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы сынды оқығандары қазақ топырағында жаңғырта білді, оған өзіндік өрнек қосты, қазақ әдебиетіндегі ағартушылық кезеңді сол тұстың тарихи-қоғамдық құбылыстарымен сабақтастыра отырып талдап, тынысы мол, пайымы терең танымдар қалыптастыра білді.

Қазан және Қырым татарларының оқығандарының көзқарастарынан бастау алатын жәдитшілдік («жәдит» араб сөзі, жаңа деген мағына береді) профессор Д.Қамзабекұлының айқындауынша, ХІХ ғасырдың соңында қазақ қазақ ағартушылығына негіз болып қаланады. Бұл құбылыс Алаш деп ұрандаған қазақ жұртының рухани кеңістігінде екі асудан өткен. Бірінші асу-

1890-1911 жылдар, екінші асу – 1911-1920 жылдар. Сол асулар Алаш қозғалысының орнығуына жол ашты. Бұл түптеп келгенде, алаштықтардың «Түркі халқы түгел бол» деген ұстанымының астарына жәдитшілдіктен туындаған пайым орын алған еді.

Қазақ әдебиетіндегі Алаш ағартушылығы мәселесін ғалым үнемі үзбей зерттеп келеді. Тынымсыз ізденістің берекелі қайырымының көрінісіндей танылатын «Ағартушылық және әдебиет» (2003), «Пайым» (2004), «Алаштың рухани туғыры» (2008), «Смағұл Садуақасов» (2009), «Түркістан алқасы» (2011), «Жәдитшілдік және Алаш: түсіндірме сөздік» (2012) сынды кітаптарды жыл үстіне жыл қосып жарияланып, Алаш қайраткерлері туралы 3 деректі фильмге («Қазақтың Қошкесі», «Бата», «Көздің қарашығындай») сценарий жазып, көрерменге жол тартты.

Ғылымның бейнеті ауыр, жолы ұзақ, арнасы құмырсқаның илеуіндей қалың қатпар қабаттарға толы. Оны жалғыз жүріп екшелеу жеке тұлғаға өсте ауыр. Ауыр жүкті жұмыла көтерсе жеңіл. Осы қағидаға сүйенген Дихан Қамзабекұлы 2006 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан 2006 жылы Алаштану мәселесімен жан-жақты түбегейлі, жүйелі түрде айналысатын «Алаш» мәдениет рухани даму институтының негізін қалайды. Бүгінгі таңда ғалым «Алаш» институтының құрамына өзі тартқан бір топ әріптестерімен және Еуразия ұлттық университетінің магистрант, доктор-нат шәкірттерімен бірлесе отырып Алаштану мәселесін кешенді зерттеуге тынбай, талмай елеулі үлес қосып келеді. Айтап айтқанда, көрнекті дінін қайраткері Садуақас Ғылманидың 1931-1934 жылдар аралығында жазылған поэзиялық қолжазба мұрасы, Қошке Кемеңгерұлы мен Смағұл Садуақасұлының үш томдығы, Хайретдин Болғанбайдың бір томдығы сынды еңбектер Алаш институтының тарапынан құрастырылып, жарияланды. Сонымен қатар институт «Алаш және жәдитшілдік», «Еуразиялық мәдениет сөздігі», «Тарих: түсіндірме сөздігі» және Алаштың арқау еткен ағылшын, неміс, француз аудиториясына арналған оқулық сипатындағы еңбектер дайындау, ғылыми конференциялар ұйымдастыру сынды көпелі істерді ұйымдастыруға мұрындық болып жүр.

Міне, мұның бәрі Алаш рухынан нәр алған ғалымының ерен еңбектерінің бір парасы, қазанат қаламгердің қарымы. «Халыққа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген Әлихан Бөкейханның қанатты сөзін басты ұстынға алған Диқан Қамзабекұлы сындарлы істер мен «сырғалы» ойға, пайымға сабырлы мінез, жігерлі ұстаным арқылы көрік беріп, Алаштану сынды таудай істің іргесін қаузап жүр. Бұл істе шабысы бөлек, табысы ерекше қазанат тұлпарды «ертеген» азаматтың қазақ руханиятын зерттеудегі толайым табыстары, алар асуы әлі биік деп санаймыз.

**Алмасбек ӘБСАДЫҚ,**  
**филология ғылымдарының**  
**докторы, А.Байтұрсынұлы**  
**атындағы Қостанай мемлекеттік**  
**университетінің**  
**профессоры.**



## Мұқият ҚОЙШЫБАЙҰЛЫ

1984 жылы 2 маусымда ҚХР Іле Қазақ автономиялық облысы Текес ауданында дүниеге келген. 2005 жылы Атамекенге оралған. Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ тәмамдаған. Қалалық, облыстық жыр бәйгелерінің бірнеше дүркін жеңімпазы.

Арқалық қаласындағы облыстық «Дала өлкесі тарихы» мұражайының ғылыми қызметкері болып еңбек етті. Бүгінде Еуразия ұлттық университетінің магистранты.

Таяуда Астанада Ұлттық академиялық кітапханада ақын Мұқият Қойшыбайұлының тұңғыш жыр жинағының тұсаукесері өтті. Шараға Мемлекеттік сыйлық иегері Несіпбек Айтұлы, Қайырбек Кемеңгер, Омар Жәлел, Ақеділ Тойшанұлы, Ұларбек Нұрғалымұлы, Еркеғали Бейсенов, Қанат Едірісов, Нұртуған Тұрсынғазыұлы сияқты азаматтар қатысып, өз ой-пікірлерін білдіріп, ақынға ақ жол тіледі. Жерлес ақынға біз де сәт сапар тілейміз!

### АРБА СҮЙРЕГЕН АНА

*Белін бекем, намысын түйген арға,  
Қарапайым құлым деп сүйген Алла.  
Ың – жыңы көп базарда күні бойы,  
Ақ самайлы ана жүр сүйреп арба.*

*Ойлы – шұңқыр жолдарға епті аяғы,  
Айғыз – айғыз қалың із бет бояуы.  
Арлы – берлі қасынан өткендерге,  
«Шәй іше ғой қарағым!» - деп қояды.*

*Көзінде мұң болғанмен жаны сергек,  
Әр тиыннан осылай табысы өнбек.  
Жамау жанын жазатын көрінеді,  
Шәйін ішкен адамның алғысы емдеп.*

*Бұл базарға байланып басыбайлы,  
Үйдегі жаман шалды асырайды.  
Күміс теңге толғанда уысына,  
Жүзінен үміт оты шашырайды.*

*Арба сүйреп өтеді тегіс күні,  
Сірә құдай өлтірмес кебістіні.  
Өз – өзіне риза, табысына,  
Байқалмайды өмірге кейістігі.*

*Өміріннің еңбекпен иі қанып,  
Базар жаққа тартады жиі бағыт.  
Қара құлып базарға салынарда,  
Қайтады ана заттарын жиып алып.*

*Ұлан – қайыр басында тұрып өңір,  
Болып жүрміз қоғамның құлы не бір.  
Анасына дариға – ай, арба жеккен,  
Бүгінгі ұрпақ сүріп жүр қызық өмір.*

### НАМЫС ЖЫРЫ

*Ұлтыма болсаң жау, дұшпан,  
Тарихын өткен елемей.  
Тиегі сүйек адырнадан ұшқан,  
Қадалам саған жебедей.*

*Алсаңда киіп кіреуке,  
Ажалың менен бәрібір.  
Баулыған мені бұл өлке,  
Сомдалғам солай тәні мір.*

*Ожданым жасын, найзағай,  
Жауларым қалған именіп.  
Намысым өткір найзадай,  
Кетерсің байқа түйреліп.*

*Бабасы қаған, Білгі бек,  
Тау - тасқа жазған сан дастан.  
Тастаймын байқа тілгілеп.  
Ашыуыма тиге Алдаспан.*

*Кім екенін ұқсаң тегімнің,  
Ералар өткен мыңдаған.  
Табанға тиге тебіңгім,  
Тебіреніп салар дүр далам.*

*Садақа болған еліне,  
Ерлері адал, ділі кең.  
Тартпасаң бізде тегіңе,  
Жұмыртқасың шіріген.*

*Болғанмен саны аз – ақ, тым,  
Дәстүрін, салтын, жолды ұққан.  
Жаны бар әрбір қазақтың,  
Майдангер болатыны сондықтан.*



## ҚУЫРШАҚ

Жүйкемді, жүрегімді сан кемірген,  
Көңіл кейде осынау қалды өмірден.  
Жақын досым толғанда төрт айға ұлым,  
Бір қуыршақ силады хан көңілмен.

Өзіне сай болғанмен баға, құны,  
Қайдан ұқсын япыр – ай, бала мұны.  
Тетігіне қол тисе тым ақ көңіл,  
Тек жасанды демесең бар айыбы.

Сезе білсең өмірдің мол сабағы,  
Иыр – қиыр тоқиды тор сананы.  
Мына бейбақ қуыршақ қарап тұрсаң,  
Есті адамға өте ауыр ой салады.

Асырсам деп айрықша айбын елден,  
Адамдығын, иманын қайғы жеңген.  
Күнделікті өмірде көп көретін,  
Аумады иә, құдай – ай, қай біреуден.

Басы, дені, тұрғанда ай, күн аман,  
Сарқыт күтіп сабылған бай мұрадан.  
Бастығының алдында зыр жүгірген,  
Тура соның өзі ғой айнымаған.

Тым қызыққа толы рас мына мекен,  
Билігі бар құдайға құда көкем.  
Табиғаттың заңы да түсініксіз,  
Мұндайда тым ұқсастық болады екен.

Беу өмір, ай, күнім, төре түндер,  
Маған түзу жолымның белетін бер!  
Онсызда көбеймесе азаймай жүр,

## ҚАДІРЛЕЙ БІЛ ДОСЫҢДЫ

Тулатып асау көңілді,  
Маздата түсер отыңды.  
Сүйемін десең өмірді,  
Қадірлей білші досыңды.

Достарды жаңа таныдым,  
Құшағын ашып сырласқан.  
Тірлікте қысқа тәңірім,  
Айыра көрме шын достан.

Еншісін күтіп ай, жылдың,  
Айта алмай жүрдік тұшымды ой.  
Қанша ма достан айрылдым,  
Жан сырын әттең түсінбей.

Өмірді үнсіз торыдым,  
Құлатып күнді кезеңнен.  
Жоғалтқан достың орынын,  
Толтыра алмай келем мен.

Көтерер көңіл - қошыңды,  
Досыңмен қымбат әр бақыт.  
Қадірле досым, досыңды,  
Қадірлеп алар бар да уақыт.

## АДАСҚАН АЙ...

Бұл қоғамға тимесе де пайдам нық,  
Ал мойныма артылады алуан жүк.  
Көптен бері әдетіме айналды,  
Тар балконнан тұратыным айды аңдып.

Қашан көрсем ай байқұсым адасып,  
Барады ауып қара бұлтпен таласып.  
Жарық ете алмай өтіп жатыр түндері,  
Табиғаттың көргенде емес жаны ашып.

Басып өткен жолдарында мұңды із бар,  
Ай байқұсты сабалайды түнгі ызғар.  
Шымшылайды оқта – текте жарық етсе,  
Жан – жағынан бақталасы жұлдыздар.

Жұлдыздармен салғыласу қай теңі,  
Ай байқұсым мейірімге бай тегі.  
Ойлап көрсем жолы ауыр жалғыз ай,  
Қара бұлтқа жасырынбай қайтеді.

Ай қадырын білмедік пе, білдік пе?  
Ал өз басым өмір сүрем бірлікте.  
Жалғыз айды жұлдыздарға талатқан,  
Кейде ішің жылымайды тірлікке.

ТУҒАН ЖЕРДЕН АТТАНЫП КЕТТІК  
СОЛАЙ...

Досым кеше көшке біз еріп...  
Етек – жеңімізді түрініп.  
Бетімізді елге түзедік,  
Жетектеп алдан ұлы үміт.  
Туған жер қалды гүл қырат,  
Тербеліп желмен қия алмай,  
Ақ бұлақ қалды сыңғырлап,  
Өксігін іштен тия алмай.

Сыр бүгіп көлдер, өзендер,  
Көргендей бейне өлке жұт.  
Түлкідей аш кезеңдер,  
Ішінен жатты өртеніп.

Шөлімді басқан қарт бастау,  
Буырқанып жатты бұлқынып.  
Жонында жортқан ақ бас тау,  
Ұзатып салды сілкініп.

Үш құштай қалды Қаражон,  
Қиып – ақ, кеттік досым ай.  
Алайда байтақ даламен,  
Қауыштым шүкір ә, құдай.

Ақ сағым тартқан кешіне,  
Сыңсыған орман, тал, қайың.  
Туған жер түссе есіме,  
Жынданып кете жаздаймын.

Шегера бөліп араны,  
Кірпікке солай зар ілген.  
Тәуелсіз мына даланы,  
Алай да сүйем жаныммен.

## Спорт – денсаулықтың кілті

2016 жылдың 15 қазанында А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің «дене және спорт дайындық» кафедрасы мен университеттің кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған, жүгіруден «Денсаулық күні» аталып өтті. Айтулы шара «дені саудың, жаны сау» атты ұранмен оқу орнының жүгіру алаңында өткізілді. Сайыс өте тартысты өтті,өзінің керемет табиғатымен баурайтын, күз мезгілінің сап-салқын лебі де сайыстың өтуіне ешқандай кедергі бола алмады.

Оған оқу орны қызметкерлері мен студенттері қатысты.Бұл жобаның шарты бойынша ерлер

және 40 жастан асқандар болып сайысқа түсті. Бірінші топ ерлер арасында: А. Құсайынов, И. Мельничук, Р.

Қаратаев, қыздар арасында: Қ. Бермағамбетова, Р. Тевс, Т. Серова орын алса, екінші топта ерлер арасында: Р. Жүсіпов, О. Әлиев, Б. Байменов, қыздар арасында: А. Беркінбаева, А. Рогатова, Б. Аймағамбетова иеленді. Үшінші топқа келсек ерлер арасында: Ф. Тулубаев, М. Әубәкіров, Б. Досмағанбетов,

қыздар арасында: Қ. Әбдіхалықова, Г. Берденова, Ж. Ақдәулетова марапатталды.

Жарысты ұйымдастырушы, кәсіподақ ұйымы төрағасының орынбасары Бейшов Рүстем Салтанұлы былай деді: «Бұл жоба университетімізде дәстүрге айналды. Осымен 5 мәрте өткізіліп отыр. Елбасының «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасында халықты салауатты өмір салтына ынталандыруға баса көңіл бөлінген. Осыған орай алдағы уақытта да бірнеше спорттық шаралар ұйымдастырылмақ».

**Бақдәулет МАХСЕТОВ,**  
**ГӘФ журналистика мамандығының**  
**4-курс студенті.**

1000 м, әйелдер 500 м ара қашықтықты басып өту керек. Жалпы саны 350 қатысушы үш топқа бөлінді: бірінші топ студент жастар, екінші топ 40 жасқа дейінгі

## Ел байлығы

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Оқу залында 12-ші қазан күні Бүкілөлемдік денсаулық күніне орай психология мамандығының 1-4 курс студенттерінің қатысуымен тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағаты-дәрігер психолог Бейсембаева Гүлсім Айжановнаның есірткінің зияндылығы жайлы сөзімен басталып,Симанчук Олег Николаевичтің салауатты өмір салты жайлы баяндамасымен аяқталды.

Өткізілген іс-шара психология

мамандығының студенттерінің «Салауатты өмір салты», «Есірткінің адам ағзасына зияны», «Ішімдіктің залалы» жайлы презентация,бейнероликтерімен өз жалғасын тауып,жоғарғы курс студенттерінің көңілді флешмобымен тәмамдалды.

Зиянды әдеттерден аулақ болыңыздар. Дұрыс таңдау жасаңыздар.Сіздің өміріңіз сіздің таңдауыңызға байланысты.

**Гаухар МҰРАТҚЫЗЫ,**  
**ГӘФ журналистика мамандығының**  
**1-курс студенті.**



## Тарихи сурет



*Мына суретте ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алматы облысының Кербұлақ ауданындағы Қарашоқы ауылына барған сәті бейнеленген. Сурет КМУ-дың түлегі Нұрқанат Нүсіпханның мұрағатынан алынды.*

**Баспасөз – 2017**

**«Жас өркен-Қостанай» журналына жазылу жүріп жатыр**

«Жас өркен-Қостанай» журналы екі айда бір рет шығып тұрады. Журналды ҚР басқа облыстарында да жаздыртып алады. Басылымда ұлттық идея, кәсіптік бағдар, Ахметтану, жастар шығармашылығын қолдау, университет түлектерін оқырманға таныстыру бағытында әр алуан мақалалар, сұхбаттар жарияланып тұрады.

Журналға «Қазпочта» АҚ бөлімшелерінде жазыла аласыз. Журналдың республикалық каталогтағы индексі: 75579. Жазылу бағасы: бір жылға 2449 теңге 80 тиын.



### **РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

11000, Қостанай қаласы,  
А.Байтұрсынов көшесі,  
47-үй, 217 бөлме.  
Медиа – студия.  
Байланыс телефоны:  
қалааралық  
8-7142-51-11-67,

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды. Журналдың қажетті сандарын редакциядан сатып алуға болады. Бағасы келісімді. «Жас өркен-Қостанай» журналына демеушілік көрсетем деушілерге мына есеп-шотымызды ұсынамыз: РМҚК «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университет»

ИИК KZ83856000000079688  
РНН 391700052352,  
БИН 990240005319  
БИК KСJBKZKX  
РНН банка 391700078345  
БИН банка:980841000472  
Кбе 16

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасында басылды. 110007, Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі, 16. Басуға 26.10.16 ж. қол қойылды. Көлемі 36 бет, Офсеттік басылым. Тапсырыс № 4846 Таралымы 763 дана. Баспахана түпнұсқасы нашар суреттердің сапасына жауап бермейді.



# Кәмшат Дөненбаева

Кәмшат Байгазықызы Дөненбаева (15.09.1937 жылы Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданына қарасты Ленин совхозында туған) — ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосқан атақты механизатор, тың игеруші, Социалистік Еңбек Ері (1975). Еңбек жолын Ұзынкөл элеваторында жұмыс істеуден бастаған. 1961 жылдан Қостанай облысы, Боровской ауданы "Харьков" совхозында механизатор болып еңбек еткен. Қостанай облысының Меңдіқара ауданындағы "Каменьск-Уральский" кеңшарында механизаторлар дайындайтын курсты, Қостанай ауыл шаруашылық техникумын сырттай оқып бітірген. 1972 жылы қайырымсыз соқамен жер жыртуда әйел механизаторлар арасында өткізілген облыстық жарыста бірінші орынға, республикалық жарыста үшінші орынға, 1973 жылы Ростов облысындағы зерноградта бүкілодақтық жарыста жүлделі орынға ие болған.



1973 жылы 26579 га, 1974 жылы 38158 га, 1975 жылы 37199 га жер жыртып, жылдық міндеттемелерін асыра орындаған. Қазақ қыздарының ауыл шаруашылық техникаларын меңгеруіне өнеге болды. Кәмшат Дөненбаеваға Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Құрмет дипломы және "Москвич" автомашинасы берілді. Ол СОКП XXV съезінің делегаты, IX сайланған КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты (1974).

1990-1993 жылдары осы кеңшарда қауіпсіздік техникасының инженері, 1993 жылдан шаруа қожалығын басқарды. 1980-1985 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесінің Ұлттар Кеңесі төрағасының орынбасары болды. 1976 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Екі рет Ленин орденімен, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Қостанай облысының құрметті азаматы, құрметті қажы.